



АЛАЯҚТЫ ҚАЛАЙ АЖЫРАТАМЫЗ?

9-БЕТ | ҚОҒАМ



ҚОЖАБЕРДИНДЕР НЕГЕ ҚУДАЛАНДЫ?

10-БЕТ | АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Жиырма жыл ішінде Азаматтық форумның тиімділігі мен қажеттілігі дәлелденіп, салмақты ойлар мен салиқалы пікірлер айтылатын алаңға айналды. Осында көтерілген жасампаз бастамалар мен ұтымды ұсыныстар азаматтық қоғамды дамытуға және жалпыұлттық келісімді нығайтуға тың серпін береді. Үкіметтік емес ұйымдар және қайырымдылық қорлары, белсенді азаматтар мен еріктілер ел тағдырына бей-жай қарамай, қоғамның өзекті мәселелерін шешуге барынша атсалысып жүр. Олар ынтымақтастық пен нағыз отаншылдықтың озық үлгісін танытып, еліміздегі бірлік пен татулықты сақтауға зор үлес қосып келеді. Қазақстанда жүргізіліп жатқан ауқымды өзгерістер қоғамда жаңа этика қалыптастыруды талап етеді. Осы орайда әділдік пен гуманизм, өзара сенім мен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен білімпаздық жаңа этиканың өзегі болуға тиіс.

№125
(4558)
Сенбі
21 қазан
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚУАНЫШ

Республика күні қарсаңында сатып алу құқығынсыз әлеуметтік жалға берілетін тұрғын үй кезегінде тұрған астаналықтар пәтер кілтін алды.

Жаңа пәтерлер қала тұрғындарына кезекке тұрған күні бойынша іріктеу жүргізілгеннен кейін үлестірілді. Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй әр 5 жыл сайын мерзімін ұзарту мүмкіндігімен халықтың әлеуметтік осал топтарына беріледі.

Бүгінгі таңда кезекте тұрғандар үшін бірнеше мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы қолжетімді: халықтың әлеуметтік осал топтары үшін сатып алушы жалға берілетін тұрғын үй, «Отбасы банкі» арқылы «2-10-20» («Бақытты отбасы»), «5-10-20» («Шаңырақ») және «7-20-20» («Жасыл ипотека») жеңілдікті несиелік бағдарламалар.

Сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтарына 1,5 миллион теңге мөлшерінде бастапқы жарнаны төлеу үшін өтеусіз тұрғын үй сертификаты да қолжетімді.



ҚАЗАҚ ҮШІН ОТАН ЖАЛҒЫЗ, ТУ ЖАЛҒЫЗ!



Еліміздің ұлық мерекесі қарсаңында Астана көшелерінде көк туымыз күрт көбейді. Кеше «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының еріктілері көпқабатты үйлердің балконына Мемлекеттік ту ілу шарасын ұйымдастырды.

Белсенді волонтерлер Республика даңғылы бойындағы үйлерге бір сәтте 50-ге жуық ту іліп қойды.

«Біз, астаналық жастар, Республика күні қарсаңында осындай әдемі көріністі көру арқылы тұрғындарды патриот болуға,

Отанын сүюге шақыруды мақсат еттік. Мереке күндері Мемлекеттік туымыздың мәртебесі биіктеп, мерейімізді өсіріп тұрса екен дейміз» дейді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының маманы Айсұлу Қайыр.

Республика күні аясында «Elorda Aqparat» медиасеріктестігі ұйымдастырған «Ел жүрегі – елорда» шығармашылық байқауы мәреге жетті.

Астана қаласы мектептерінің жоғары сынып оқушылары арасында өткен байқауға 200-ден аса шығарма түсті. Отанымыздың жүрегі – Астана туралы жазылған шығармалар байқауының жеңімпазына «Балдәурен» республикалық балалар лагеріне жолдама берілді. Басқа да үздік деп танылған шығарма авторларына сыйлықтар табысталды. Ұйымдастырушылар аталмыш байқауды жыл сайын өткізуді ұйғарды.

(Соңы 7-бетте)

БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

Апат айтып келмейді. Тосыннан болған оқиғалар кезінде азаматтарға бірінші болып көмекке ұмтылатын – төтенше жағдайлар қызметінің құтқарушылары. Бұл іс кез келген адамның қолынан келе бермейтіні анық. Оған үлкен жүрек, машық, білім мен біліктілік, сондай-ақ тәжірибе керек. 19 қазан – Құтқарушылар күні – адамдарды құтқарып, ажалдан арашалаған абыройлы қызмет иелерінің кәсіби мерекесі. Биыл тәуелсіз еліміздің төтенше жағдайлар қызметінің құрылғанына да 28 жыл толды.

5



ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР ӨСЕДІ

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Үкімет басшысының қаулысы бойынша елімізде мүгедектік және асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер мөлшері өседі.

Атап айтқанда, қаулыға сәйкес, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттіліктен және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша тағайындалған әлеуметтік төлемдер 7 пайызға көбейеді. Аталған төлемдерді қамтамасыз ету үшін қосымша 5 миллиард теңгеден астам қаражат жұмсалады.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 505.48 \$ USD/KZT 479.49 ₸ RUB/KZT 4.93 ¥ CNY/KZT 65.52

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ГЕОЛОГИЯ САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің геология саласына еңбек сіңірген бір топ қайраткер – ҚР ҰҒА академигі Серікбек Дәукеевпен, «Меридиан Петролеум» ЖШС директоры Балтабек Қуандықовпен, Қ.И.Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институтының директоры Герой Жолтаевпен және «Минералдық ресурстар академиясы» қоғамдық бірлестігінің президенті Болат Үжкеновпен кездесті. Кездесу барысында Мемлекет басшысы геология саласы жалпы жер қойнауын пайдалану ісін қарқынды дамытудың негізі екенін және ел экономикасының маңызды құрамдас бөлшегі саналатынын атап өтті.

Президенттің пікірінше, аталған салаға, әсіресе геологиялық барлау және жер қойнауын кешенді зерттеу бағытына тың серпін беру қажет. Сондықтан жуырдағы Жолдауда Үкіметке 2026 жылға қарай геологиялық және геофизикалық барлау көлемін 2,2 миллион шаршы шақырымға дейін жеткізу міндеті жүктелді.

Мемлекет басшысының айтуынша, геологиялық барлау саласына шетелдік инвесторларды, сондай-ақ капитал мен заманауи технологияларды тарту мақсатында кешенді іс-шаралар қабылданып жатыр. Бұл ретте инвестиция үшін геология саласының ашықтығы мен мемлекет мүддесі арасындағы теңгерімді сақтау маңызды.

Сонымен қатар кездесуде геология саласының өзекті мәселелері мен аталған бағытты ынталандыруға қатысты ұсыныстар талқыланды. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев отандық геология саласын дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін ардагер ғалымдарға алғыс айтты.

АГРАРЛЫҚ КӨРМЕ ӨТІП ЖАТЫР

Елорданың «EXPO» ХКО-да «ExpoGroup» компаниясының ұйымдастыруымен «KazAgro/KazFarm-2023» ауыл шаруашылығының 14-інші халықаралық мамандандырылған көрмелері басталды. Үлкен оқиға әлемнің 20-дан астам елінен келген жетекші ауыл шаруашылығы мамандарының басын қосты. Бұл туралы Астана әкімдігінің ресми сайты ақпарат таратты.

Көрмелердің салтанатты ашылу рәсіміне Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, Астана әкімінің орынбасары Ерлан Бекмұрзаев, Чехияның төтенше және өкілетті елшісі Павол Шепеляк, Германияның неміс ауыл шаруашылығы қауымдастығының басшысы, вице-президенті Рене Дебелът, ҚР Германия елшісінің тұрақты орынбасары Клаус Зилликенс, сондай-ақ «Ростсельмаш» компаниясы бас директорының орынбасары Алексей Швейцов қатысты.

KazAgro-2023-те өсімдік шаруашылығы өнімдерінің кең ауқымы ұсынылған. Мұнда ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге, сақтауға, өңдеуге және логистикаға қатысты барлық нәрсе бар. Көрмеде мал шаруашылығы саласының түрлі дайын өнімі де жұрт назарына қойылды. Ұйымдастырушылар аграрлық ғылымдағы жаңа жетістіктермен және инновациялық технологиялармен танысуға бірегей мүмкіндік береді. Қазақстанның жетекші әлемдік

агро-концерндері мен агро-өнеркәсіптік кешені ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының бірқатар жаңа түрін ұсынады.

Сондай-ақ көрме аясында халықаралық конференция, дөңгелек үстелдер мен кездесулер өтеді. Сарапшылар ауыл шаруашылығын дамытудың өзекті мәселелері мен перспективаларын сала сарапшыларымен талқылай алады. Көрмелерге кіру тегін, 19-21 қазан аралығында үш күн жұмыс істейді.

БАНКРОТҚА 4383 АСТАНАЛЫҚ ӨТІНІШ БЕРДІ

Бұл туралы Астана қаласының коммуникациялар қызметінде Мемлекеттік кірістер департаменті берешектермен жұмыс басқармасының басшысы Исабек Зауытбекұлы мәлімдеді.

3 наурыздан бастап Қазақстанда жеке тұлғалардың банкроттығы бойынша өтініштерді қабылдау басталды. Сол күннен бастап Астана қаласы бойынша 4383 өтініш түсті, оның ішінде 17 қазандағы жағдай бойынша 473 жеке тұлғаға «банкрот» мәртебесі беріліп, берешек есептен шығарылды. Құзырлы орган 3282 өтінішті қараудан бас тартқан, 28 өтінішті азаматтардың өзі кері қайтарып алды, 600 өтініш әлі қарастырылуда.

Тұтастай алғанда, заңды іске асыру азаматтардың борыштық жүктемесін төмендетуге, әлеуметтік шиеленісті жеңілдетуге, борыштар бойынша төлемдерді ынталандыруға әкеледі.

«Азаматтар өтінішті «МКБ» АҚ-пен дербес есепті басышылыққа ала отырып береді, онда соңғы төлем күнінен бастап емес, жалпы мерзімі өткен күндер саны көрсетілген. Мысалы: азамат есепте кешіктірілген күндердің санын 1800 күн деп санайды, бірақ азаматтың өзі

немесе сот орындаушысы осы 1800 күн ішінде бір реттік төлем жасады. Содан кейін реттеу туралы құжаттың болмауы. Көптеген азамат есеп айырысу туралы құжаттың не екенін білмейді және несие берушілерден қарыздың болуы туралы стандартты анықтамаларды қоса береді. Сондай-ақ проблемалардың бірі – азаматтардың «МКБ» АҚ-пен дербес есепте барлық несиелердің бар екеніне көз жеткізбеуі» деді брифингте И.Зауытбекұлы.

ПРЕЗИДЕНТ ҮНДЕУ ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев XI Азаматтық форум қатысушыларына үндеу жолдады. Президент жиынға қатысушыларды XI Азаматтық форумның ашылуымен құттықтады.

«Жиырма жыл ішінде бұл форумның тиімділігі мен қажеттілігі дәлелденіп, салмақты ойлар мен салиқалы пікірлер айтылатын алаңға айналды. Осында көтерілген жасампаз бастамалар мен ұтымды ұсыныстар азаматтық қоғамды дамытуға және жалпыұлттық келісімді нығайтуға тың серпін береді. Үкіметтік емес ұйымдар және қайырымдылық қорлары, белсенді азаматтар

мен еріктілер ел тағдырына бей-жай қарамай, қоғамның өзекті мәселелерін шешуге барынша атсалысып жүр. Олар ынтымақтастық пен нағыз отаншылдықтың озық үлгісін танытып, еліміздегі бірлік пен татулықты сақтауға зор үлес қосып келеді. Қазақстанда жүргізіліп жатқан ауқымды өзгерістер қоғамда жаңа этика қалыптастыруды талап етеді. Осы орайда

әділдік пен гуманизм, өзара сенім мен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен білімпаздық жаңа этиканың өзегі болуға тиіс» деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекет пен үкіметтік емес сектордың тығыз ынтымақтастығы елімізді жан-жақты дамытуға ықпал етіп, Әділетті Қазақстанды құруға жол ашатынына сенім білдірді.

БІРЫҢҒАЙ ДЕРЕКТЕР БАЗАСЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Келер жылы Қазақстанда дәрі-дәрмектерді қадағалау бойынша ақпараттық жүйе мен балабақшаға кезекке тіркеудің бірыңғай деректер базасы іске қосылады. Үкіметте өткен кеңесте Премьер-министр Әлихан Смайыловқа тиісті цифрлық шешімдер таныстырылды.

Үкіметтің дерегінше, дәрілік заттарды қадағалау жүйесі бірнеше мәселені бірден шешуге ықпал етеді. Атап айтқанда, медициналық ұйымдарда дәрілік заттарды қайта жазу және өтірік есептен шығару мүмкіндігін жойып, дәрілік заттардың бөлшек саудадағы бағасына, қалдықтарына және жарамдылық мерзіміне мониторинг жүргізеді.

Толық қадағалау мақсатында әр қорапқа екі өлшемді бірегей Data Matrix коды қолданылады. Нәтижесінде республикадағы дәрілік заттардың толық

айналымын өндірген сәттен бастап қолданысқа дейін онлайн-бақылауға мүмкіндік туады. Қадағалау жүйесін 2024 жылдың шілдесінен бастап енгізу жоспарланған.

«Премьер-министр платформаның барынша тиімді болуы және ауруханалар, емханалар, ауылдық денсаулық сақтау мекемелері мен дәріханаларда қолдануға ыңғайлы болуы үшін оның барлық функционалдығын егжей-тегжейлі пысықтауды тапсырды. Бұдан бөлек, Үкімет басшысына балабақшаларға

кезекке тіркеудің бірыңғай деректер базасы таныстырылды. Ол ата-аналарға ыңғайлы болу үшін және мектепке дейінгі ұйымдарда орындарды бөлудің толық ашықтығын қамтамасыз ету үшін жасалған» делінген Үкімет хабарламасында.

Премьер-министр бұл жүйе мектепке дейінгі ұйымдардағы қосарланған кезекті және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталуы керек екенін айтты. Бірыңғай деректер базасын іске қосу 2024 жылдың қаңтарына жоспарланған.



ЛБЕК JOLY АРНАСЫНА СҰХБАТ БЕРДІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Jibek joly телеарнасындағы «Уәде» бағдарламасында қонақ болды. Бұл туралы бағдарлама жүргізушісі, журналист Ерболат Мұхамеджан өзінің Faceebok парақшасында жазды.

Бағдарлама барысында әкім елорданың стратегиялық, экономикалық, әлеумет-

тік-мәдени дамуына қатысты көкейкесті сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар бас

қаланың алдағы жылдардағы даму жоспары туралы ой-пікірімен бөлісті.

СУБЕЛІ СӨЗ



Ерлан ҚОШАНОВ, Мәжіліс төрағасы:

Қазіргі уақытта халықтың 84 пайызында, яғни 8,4 миллионнан астам адамның қарызы бар екен. Соңғы бір жарым жыл ішінде бұл көрсеткіш 27 пайызға өскен. 90 күннен кешіктірілген қарыз көлемі

– шамамен 1,4 трлн теңге. Яғни 1,7 миллион адам қарызын уақытылы төлей алмай отыр деген сөз. Осының бәрі несие проблемасының қаншалықты асқынып кеткенін көрсетеді.

(20.10.2023 ж. Парламент тыңдауында айтқан сөзі)

САЙЛАНБАЛЫ ҚҰРЫЛЫМ МІНДЕТТЕРІ САРАЛАНДЫ

Елордаға еліміздегі қалалық және облыстық деңгейдегі мәслихаттардың басшылары жиналып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы аясындағы реформаларды іске асыру мәселелерін ортаға салды. Достық үйінде өткен басқосу барысында мәслихаттардың ағымдағы көкейкесті мәселелері мен салалық заңнамаға енгізілмек толықтырулар мен өзгерістер талқыланып, ортақ ұсынымдар мен бағыт-бағдарлар межеленді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Жиынды ашқан «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» РҚБ төрағасы Төлеубек Мұқашев өңірлер елордаға қарап бой түзейтінін, Астана мәслихатының да аймақ мәслихаттарына үлгі етерлік тұстары баршылық екенін айтып өтті. Одан кейін сөз алған Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов бас қаладағы бұл мекеменің жұмысын ұйымдастырудағы және жергілікті өкілді органдардың қызметін жетілдірудегі тәжірибесімен таныстырды.

– Біздің қала қарқынды дамып, тұрғын үйді пайдалануға беру, әлеуметтік, мәдени және спорт нысандарын салу артып келеді. Астана халқының саны да артуда, қазіргі таңда 1,4 миллионнан астам адам тұрады. Осыған байланысты Мәжіліс пен мәслихаттарға сайлау процесі барысында елордалық мәслихат депутаттарының құрамын 34 адамға дейін ұлғайту туралы шешім қабылданды, – деген Ерлан Каналимов Астана мәслихатына партиялық тізімдер бойынша сайланған депутаттардың құрамына тоқталды, Астана мәслихатында нәтижелі жұмыс жүргізу үшін төрт тұрақты комиссия құрылғанын атап өтті. Астана мәслихаты төрағасы

ның айтуынша, бас қала мәслихаты қалалық әкімдіктің барлық мемлекеттік органдарымен және құрылымдық бөлімшелерімен белсенді өзара іс-қимыл жасайды, әкімдік басқармаларының бюджеттік өтінімдерін қалыптастыруға қатысады. Бюджет қабылданғаннан бір ай бұрын қандай маңызды жұмысқа қаржы бөлу керегін анықтайды.

– Қала әкімдігімен бірлесіп, жақын 3 жылға арналған түрлі саланы дамытудың кешенді жоспарларын әзірлеп, іске асырып жатырмыз. Соның бірі

мелеріне қазіргі заманға сай құрал-жабдықтар сатып алынды, дәрігерлер жалақысының және басқа да төлемдерінің өсуіне атсалыстық. Биылдың өзінде бірнеше емхана мен аурухана жаңарып, жаңғыртылды, – деді Ерлан Каналимов.

Мәслихат төрағасы VIII шақырылым жұмысының басынан бастап елордада қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындауға арналған, 2023-2025 жылдарды қамтитын іс-шаралар жоспары



– «Денсаулық сақтау жүйесін дамытудың кешенді жоспары». Оның аясында салынған күннен жөндеу көрмеген медицина нысандарын күрделі жөндеуге қаржы бөлінуін қолдадық. Медицина меке-

әзірленіп, орындала бастағанын атап өтті. Оған қажетті автокөлік, есірткі заттарын жедел анықтау үшін жабдықтар сатып алу, учаскелік және модульдік полиция пункттерін салу, бейнебақылау камераларын орнату, спорт кешенін жөндеу секілді шаралар кірді.

– Осындай жоспар қалалық Төтенше жағдайлар департаментімен сәтті жүзеге асып жатыр. Зәулім ғимараттар бой көтерген елордада өрт қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлу кергін түсінеміз. Оған арнайы техника, жеке құрамға арнайы киім, құрал-жабдықтар қажет. Астанада 16 тұрғын алап бар. Бұл елді мекендердің көбінде өрт сөндіру деполарын салу керек. Ескі өрт сөндіру бөлімшелерінде қалалық мәслихаттың қолдауымен күрделі жөндеу жүргізілді. Оған мәслихат депутаты болып сайланған құрылыс компанияларының басшылары көмектесті. Олардың көмегімен



батыс стандартымен бірнеше полиция бекеті салынды. Құтқарушыларды әлеуметтік қолдау мақсатында баспана сатып алуға сертификаттардың

кешенді «тәуекелдер картасының» мәселелері қамтылды. Бұл картада елорданың негізгі проблемалары жинақталған. Соның ішінде тұрғын алаптардың мәселелері де бар. Бұл, ең алдымен, коммуналдық-тұрмыстық мәселелер, қоғамдық көлік жұмысы, абаттандыру, көгалдандыру, қоқыс шығару және басқа да мәселелер. Аталған бағдарламалық құжатта бұл проблемаларды шешу жолдары көрсетілген. Жақын бес жылда Астана мәслихатындағы Аманат партиясының депутаттық фракциясының негізгі жұмысы бұл құжаттың орындалуын бақылау болады, – деді Ерлан Каналимов.

Бір мандатты округтер бойынша елорда мәслихатына 17 депутат сайланғанын атап өткен мәслихат төрағасы олар бүкіл депутаттық мерзімге өз сайлаушыларының өтінішін орындау Жол картасын әзірлегенін жеткізді. Оның сөзінше, жалпы биылғы тамыз айында әрбір депутат жұмысына арналған тиісті медиажоспар әзірленіп, бекітілді. Осы құжаттың негізінде депутаттардың рейтингі жасалады. Медиажоспар үш блоктан тұрады: «партиялық қызмет», «депутаттық қызмет» және «ақпараттық жұмыс».

– Бүгінгі заманда кез келген мемлекеттік құрылым, соның ішінде мәслихат қызметінің ашық болуы тиіс екенін жақсы түсінеміз. Кәсіпорындарға, салынып жатқан спорттық немесе мәдени нысандарға, басқа да мекемелерге аптасына орташа есеппен алғанда 3-4 рет шығамыз. VIII шақырылым жұмысының басынан бері мұндай сапарлар 180-ге жуықтады. Осылайша біз қаладағы жұмысты өз көзімізбен көреміз. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» принципі толық негізде іске асырып жатырмыз. Мәслихаттың барлық отырысы мен сессиясы тікелей эфир режимінде өтеді. Қалалық

мәслихат сайты мен интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілердің барлығында депутаттардың сайлаушыларды қабылдау кестесі жарияланған. Алты ай ішінде 2 мыңнан астам қабылдау өткіздік, – деп түйіндеді сөзін Ерлан Каналимов.

Өңірлердегі мәслихаттардың басшылары оған сауалдарын қойып, жауап алды. Жиынға қатысқан Ұлттық экономика министрінің орынбасары Бауыржан Омарбеков Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында мықты өкілді билік мемлекеттік құрылыста белсенді рөл атқаратынын, мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі буыны болуға тиіс екенін айтқанын атап өтті. Сол мақсатта Үкімет соңғы 5 жылда жергілікті өзін-өзі басқарудың заңнамалық базасын жетілдіру процесінде мәслихаттардың рөлін күшейтуге бағытталған бірқатар реформаны әзірлеп, іске асырғанын жеткізді. Өткен жылдың желтоқсан айында Парламенттің қарауына жергілікті өзін-өзі басқару туралы заң жобасы енгізілгенін, бұл құжатта мәслихаттардың міндеттері айқындалғанын айтып, бұл міндеттерге тоқталды.

Тиісті мәселелер бірнеше пленарлық сессияда талқыланды. Жиын барысында «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» РҚБ төрағасы Төлеубек Мұқашев пен мәдениеттанушы-философ, саясаттанушы Абылайхан Қалназаровтың «Мәслихат депутаты қандай болуы керек?» кітабының тұсауы кесілді. Ерлан Каналимов бастаған Астана қалалық мәслихаты депутаттары өңірлердегі әріптестерін күн сайын 700-ге жуық баланы қабылдайтын «Sana» даму орталығын, мәслихаттың қоғамдық қабылдау бөлмесін, iKomek109 орталығын аралатып, солардың жұмысымен таныстырды.

ДЕПУТАТТАР ГОСПИТАЛЬҒА БАРДЫ

Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов бастаған елорда депутаттары Отан соғысы ардагерлеріне арналған орталық клиникалық госпитальға барды. Әр жұма сайын дәстүрлі түрде өтетін партия күнінде олар аталған емдеу мекемесінің жұмысымен танысты.

Райхан РАХМЕТОВА

Госпиталь директоры әрі қалалық мәслихат депутаты Динара Оразалинның айтуынша, мұнда жыл сайын мыңдаған науқас стационарлық және амбулаториялық ем қабылдайды, бұл көрсеткіш жыл сайын артып келеді.

– Қазіргі уақытта ауруханадағы төсек саны 114 керуетті құрайды. Пандемия кезінде мекеме үш рет

жұқпалы аурулар ауруханасына ауысты. Дәрігерлер, орта және кіші медициналық қызметкерлер осы қиын кезеңде жоғары кәсібилік, табандылық және өз кәсібіне адалдық танытты. Госпиталь еліміздің барлық өңірінен келетін ҰОС ардагерлері мен жалпы ҚР «Ардагерлер туралы» заңы талаптарына сәйкес келетін азаматтарға медициналық қызмет көрсетеді. Басқа санаттағы азаматтарға медициналық қызметтер ақылы негізде көрсетіледі, – дейді Д.Оразалина.



Емдеу мекемесін аралаған депутаттар – Ғабит Тәжімұратов, Сауле Самидин, Алтыншаш Табулдина госпитальдің бүгінгі жай-күйіне қатысты сауалдар қойды. Басшысының

айтуынша, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мекемеде айтарлықтай мәселелер жоқ. Азаматтар емді тәулік бойына және күндізгі стационарда алады. Қазіргі таңда екі

соматикалық бөлімше жұмыс істесе, онда дәстүрлі және дәстүрлі емес емдеу процедуралары, соның ішінде инерофлексотерапия, гирудотерапия қолданылады.

ЖАСТАРДЫ ЕЛ ІСІНЕ БАУЛУ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

«Қазақстан – әлемдегі ең жас мемлекеттің бірі. Азаматтарымыздың орташа жасы – 32 жас. Тұрғындардың үштен бірі – жастар» екенін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында атап өткен еді. Жастар саясатын жаңғырту – елімізде жүзеге асып жатқан саяси реформаның негізгі бағытының бірі. Бұл бастама көпшілік қолдауына ие болып отыр. Өйткені болашаққа алаңдайтын әрбір саналы адам жастар саясатына бейжай қарамауы керек. Осы орайда 14 пен 35 жас аралығындағы азаматтардың әлеуметтенуі және рухани, мәдени, білім беру, кәсіби және физикалық тұрғыдан толыққанды дамуы үшін барлық қажетті жағдайды жасау маңызды рөл атқарады.

Индира
БЕРЖАНОВА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде белсенді жастардың мемлекеттік қызметке келуін ерекше атаған еді.

«Еліміздің жастары әрдайым менің айрықша назарымда екені баршаға мәлім. Мен билікке ойы озық, білімді жастар келуі керек деп үнемі айтамын. Өскелең ұрпақты ел ісіне баулу – өте маңызды мәселе. Олар қоғамға жаңа құндылықтар әкелуге тиіс. Сайлау кезінде жас кандидаттар бірігіп, өз тобын құрғаны белгілі. Осы одақтың белсенді мүшелері Парламентке және мәслихаттарға өтті. Осылайша, өкілді билік тармағына саясаткерлердің жаңа буыны келіп жатыр. Жастар мұны елімізді дамытуға берілген бірегей мүмкіндік деп бағалауы қажет» деді Президент.

ЖҰМЫССЫЗ ЖАСТАР АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

Республика бойынша жастар қаласына айналған қаланың бірі – Астана. Бүгінде елордада 440 мыңнан астам жас тұрады. Қолға алынған әр бастамада олардың табыс деңгейін көтеру, несие берудің кезеңдік жүйесін енгізу, іскерлік белсенділігін арттыру, тұрғын жайы мен білім алу мүмкіндігін кеңейту – маңызды міндеттің бірі. Бас қала жастары үшін бұл міндеттерді қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасы «Астана жастары» жастар ресурстық орталығымен бірлесіп орындап, мемлекеттік жастар саясатын тікелей жүзеге асырады. Басқарма 14 пен 35 жас аралығындағы азаматтардың жұмысқа тұруына, цифрлық сауатын арттыруға, инновациялық және кәсіпкерлік қызметін жандандыруға жәрдемдеседі. Бұған



қоса, жастардың мүдделері мен қажеттіліктері негізінде түрлі жоба мен бағдарлама қолға алынды. Қоғамның көкейкесті мәселесіне айналған жастардың жұмыссыздығы әртүрлі жоба аясында жүйеленіп келеді.

Астана қаласы Статистика департаментінің дерегіне, еңбекке қабілетті жастар саны – 298 мың, оның ішінде жұмыс істейтіндер – 286 мың, жұмыссыздар – 12 мың. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров мәлім етті. Басқарма басшысының айтуынша, жастардың жұмыссыздық деңгейі былтырғы кезеңмен салыстырғанда 0,6 пайызға төмендеген. Жастарды жұмыспен қамту бойынша әкімдікпен бірнеше бағдарлама жүзеге асып жатыр. Оның ішінде «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» және т. б. бар.

Университет не колледж бітіргеннен кейін жұмыс орны қандай да бір тәжірибе сұрайды. Мәселен, «Жастар тәжірибесі»

“

Астана қаласы Статистика департаментінің дерегіне, еңбекке қабілетті жастар саны – 298 мың, оның ішінде жұмыс істейтіндер – 286 мың, жұмыссыздар – 12 мың

бағдарламасы арқылы жұмысқа орналасып, қолға 100 мың теңге көлемінде жалақы алуға болады. Тәжірибеңіз жүреді, сондай-ақ, белсенді болып, өзіңізді көрсетсеңіз, сол жерде қалу мүмкіндігі де бар. «Жастар практикасы» 6 айдан 12 айға дейін және «Алғашқы жұмыс орны» 12-ден 18 айға дейін ұзартылды. Кәсіп ашып, ісін өрге домалатамын дейтіндер үшін еңбек мобильділігі орталығымен бірлесіп басқарма тарапынан жас кәсіпкерлерді қолдау және оқыту жұмысы

жүргізіледі. Мысалы, қазіргі таңда жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыруға грант бөлініп, шағын несие беріледі.

Жастарға арналған бос орындар жәрмеңкесі тоқсан сайын өтіп келеді. Осы уақытқа дейін олар Жастар сарайында Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-да және Есіл университетінде өтті. Кезекті жәрмеңке қазанның 24-іне жоспарланған. Жастардың жұмыссыздығын төмендетуде әсіресе еңбек етуге не оқуға құлқы жоқ НЕЕТ санатындағы жастармен жүйелі жұмыс қажет. Олардың санын мейлінше азайту мақсатында бірқатар іс-шара қабылданды. НЕЕТ жастарының үлесі ІІ тоқсан қорытындысы бойынша 6,1 пайыз немесе 25 мың адамды құрады. Бұл санаттағы жастарды әлеуметтендіру мақсатында «Жас жігер» жобасы ұйымдастырылады.

ТЕГІН КӨМЕК БЕРЕДІ

Астананың 4 ауданында жастарға қызмет көрсету орталықтары қызмет көрсетеді. Орталыққа елордалық жастар өзін толғандырған түрлі мәселе, сұрақ бойынша жүгіне алады. Мұнда мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары, жұмысқа орналастыру, жастар бастамаларын қолдау, волонтерлік қызмет мәселелері бойынша тегін заңгерлік және психологиялық кеңес беріледі. Жастарға қызмет көрсету орталықтары 2021 жылдан бастап жұмыс істейді. Іс-шаралардың негізгі бөлігі Мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі жоспар шеңберінде өтеді. Орталыққа келіп түскен өтініштердің 90 пайызы тұрғын үй және жұмысқа орналасу мәселелерімен байланысты болды. 2022 жылы мұнда 10 мыңға жуық жас кеңес алған.

Орталықтарда елорда әкімдігінің «Астана жастары» КММ-нің қызметкерлері жастардың бос уақытын тиімді өткізу бойынша, Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмысқа орналастыру бойынша және «Отбасы банк» АҚ тұрғын үйге қатысты консультация береді. Орталықтағы қызметкерлер кәсіптік бағдар беру қызметін көрсетумен шектелмейді, келушілер тігін тігу, ағылшын тілін үйрену,

музыкалық аспаптарда ойнау секілді курстардан өте алады.

Астанадағы жастарға қызмет көрсету орталықтарының мекенжайы:

– Есіл ауданы: Қабанбай батыр даңғылы, 58Б, 1-қабат;

– Байқоңыр ауданы: Алаш тасжолы, 34/5, 1-қабат;

– Сарыарқа ауданы: Бейбітшілік көшесі, 9, 2-қабат;

– Алматы ауданы: Абылай хан даңғылы, 31, 2-қабат.

Одан басқа, Астанада «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекеме түлектерін интернаттан кейінгі сүйемелдеу және бейімдеу» жобасы аясында консультативтік орталық жұмыс істейді. Орталық Абай даңғылы, 92/3 мекенжайында орналасқан.

Жастар түрлі бастама арқылы жұмысқа орналасып қана қоймай, заман талабына сай сұранысы бар маман иесі атана алады. Бұл бағытта елордада «JolTar» жобасы биылдан бастап қолға алынды. Жоба аясында «Баршаға мүмкіндік» атты 10 модульдік пункт ашылып, мұнда елорда тұрғындары мемлекеттік қолдау іс-шаралары және жұмысқа орналасу мәселелері бойынша кеңес алады. Оқыту тегін. Қатысушыларға оқу аяқталғаннан кейін сертификат беріледі. Түлектердің түйіндемесі «Jumys tar» Telegram ботында жарияланады.

Бүгінде жоба арқылы 177 қатысушы «жол тауып», таргетолог, SMM, видеограф, маркетинг, мобилограф, графика дизайнері, веб-дизайнер (сайттарды әзірлеу) мамандықтары бойынша білімін жетілдірді. Сан түрлі саланың ішінен жаңа мүмкіндіктер әлеміне жол ашатын және еңбек нарығында артықшылыққа ие 7 цифрлық даудыны жастарға үйрету – негізгі мақсат.

КӘСІП БАСТАУҒА – 1 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ

Әлеуметтік жобалар мен бизнес-идеяларды қаржыландыру арқылы халықтың осал топтарын, НЕЕТ санатындағы жас қазақстандықтарды қолдауға бағытталған «Zhas Project» жобасы республика бойынша басталды. Жоба жастарды қоғамдастықтың әлеуметтік-экономикалық өміріне тартуға және нәтижелі жұмыспен қамтамасыз етуге көмектеседі.

«Zhas Project» Мәдениет және ақпарат министрлігінің және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» KE АҚ тапсырысы бойынша іске асуда. 2022 жылы бұл жоба Алматы, Жетісу, Қарағанды, Ұлытау, Маңғыстау, Түркістан облыстарында қанатқақты режимде іске асты. Биыл жоба республикалық маңызы бар барлық өңір мен қалада іске асуда. Астана қаласындағы жобаның орындаушысы – «Қазақстандық даму қауымдастығы» ЗТБ ұйымының әртүрлі бағыттағы 30-дан астам жобаны іске асыруда тәжірибесі бар. Бұл туралы елорданың коммуникациялар қызметі алаңында аталмыш қоғамдық ұйымның атқарушы директоры Анар Битебаева мәлімдеді.

– Еліміз бойынша «Zhas Project» жобасы аясында жастардан өтінім 9 қазаннан бастап 22 қазан сағат 23:59-ға дейін қабылданады. Конкурс шеңберінде Астана қаласына 20 шағын грант бөлінеді. Өтініш беруші конкурсқа қатысу үшін тек бір әлеуметтік жобаны ұсына алады, – дейді А.Битебаева.

Жоба арқылы биыл 280 жас кәсіпкер мемлекеттен грант алу мүмкіндігіне ие болды. Басымдық әлеуметтік осал топтағы және 18-35 жас аралығындағы азаматтарға беріледі. 1 миллион теңге қаржы бірінші кезекте бизнес-жоспар құруға және кәсіпті сапалы таныстыруға жұмсалады.



Дана ТАКЕНОВА,
«Астана жастары» жастар ресурстық орталығының волонтері:

ЕРІКТІ БОЛҒАНЫМДЫ МАҚТАН ЕТЕМІН!

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында көптің көкейінде жүрген маңызды мәселелерге жауап берді. Соның ішінде жастарды қолдау тақырыбы ерекше аталды.

«Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет. Оның бәрі бірігіп, біртұтас қоғамдық қасиетке айналады» делінген Президент Жолдауында.

Расында да, жаңа заманда әрбір азаматты адал, әділ етіп тәрбиелеудің маңызы айрықша. Ол үшін қоғам, тәрбие және билік институттары бірдей әрекет етіп, бірігіп, бірегейлікке ұмтылғанда ғана іске асады. Мен 3 жылдан бері елорданың волонтерлер қатарында болған соң, бұл тақырыпқа бейжай қарай алмадым. 2019 жылы Қостанайда өткен жастар форумына қатысып, «жастардың әлеуметтік лифті – волонтерлік» деген Мемлекет басшысының сөзінен кейін де осы бағытқа қызыққан едім.

Отанымыздың әрбір тұрғынының отаншыл, білімді, еңбекқор, тәртіпті, үнемшіл, жанашыр болуы үшін жақсы идеология нұсқауы қажет. Ал Президент айтқан Абайдың «толық адам» ілімінен бастау алатын «Адал азамат» тұжырымдамасы қоғамда қолдау тапқаны жөн. Көпшілік арасында жанашырлыққа әрі ақысыз негізде еңбек етуге волонтерлер тобы көп септеседі. Мәселен, бас қаладағы «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының қатарында өзім қатарласшын пейілімен өзгелерге көмектескісі келетін, енді бірі жаңа орта табуға ұмтылатын, уақытын тиімді өткізгісі келетін 5 мыңнан астам волонтер бар. Біз қызмет барысында әлеуметтік осал отбасыларға азық-түлік себетін жеткіземіз. Сонымен қатар жалғызбасты қарттарға барып хал-жағдайын сұрап, көмектесу жобасын үйлестіреміз. Мен көмекке мұқтаж зейнеткерлерге үнемі барып тұрамын. Өзге еріктілермен бірге оларға қажетті азық-түлік пен дәрі-дәрмегін сатып алып береміз. Шыны керек, бүгінде қоғамның волонтерлерге көзқарасы өзгерді. Әр бастамада халық алғысын айтып, кейде өздері де қосылып көмектесіп жатады. Бұл тұста Мемлекет басшының қолдауын ерекше айтуға болады. Президент биылғы өз Жолдауында, Ұлттық құрылтайда және Халықаралық еріктілер форумында «Мен еріктілер туралы үнемі айтып жүрмін. Себебі еріктілер – ең алдымен, патриот жандар. Олар еліміздің дамуына, оның келбетін жақсартуға зор үлес қосып жатыр. Біз бүкіл қоғам болып еріктілерді қолдауымыз керек, олардың еңбегін бағалап, марапаттап отыру қажет» деген еді.

Жыл сайын елордада «Жыл волонтері» іс-шарасы өтіп, әлеумет, спорт саласында және салауатты өмір салтын насихаттауда үздік волонтерлер анықталады. Мен де өз тәжірибемнің негізінде осы іс-шараға қатысудамын.

Астананың айшықты келбетін адамгершілікке негізделген жанашыр істер жақсартуға түсуде. Сан ғасыр бойы сабақтасып келе жатқан жомарттықтың тіні осылайша біріккен бірлікке, ұйған ұйымшылдыққа ұласып келе жатқаны қуантады. Жалпы қазіргі жастар бос уақытын тиімді өткізіп, өзгелерге көмектесіп жүруі тиіс. Жанашыр ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бағаланады. Бұл да Жолдауда айтылған басым бағыттың бірі. Қазіргі қоғам адами қасиеттерді бойына сіңірген жастармен бірге дамиды.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Азаматтық қорғаныс саласының қызметкерлерін Құтқарушы күнімен құттықтады.

– Азаматтық қорғаныс саласының қызметкерлерін Құтқарушы күнімен құттықтаймын! Сіздердің жұмыстарыңыз қауіп-қатерге толы әрі зор жауапкершілікті талап етеді. Мемлекет пен қоғам сіздердің антқа адалдытарыңызды, қажырлы еңбектеріңізді жоғары бағалайды. Баршаңызға бақ-береке тілеймін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Құтқарушылар күні қарсаңында елордада Асқар Забикулин атындағы көшенің ашылу салтанаты өтті. «Үркер» тұрғын алабының бір көшесі өртпен алысқан өжет ұлдың атымен аталды. Жиынға қатысқандар құтқарушылар аллеясында қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан қызметкерлерді еске алды. Өткен жылы қызыл алаумен арпалысып, 3 адамның өмірін құтқарамын деп ажал құшқан өрт сөндіруші – Асқар Забикулиннің ерлігін



БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ



адамның өмірін сақтап қалу үшін күреседі. Батырлықтың үлгісі ретінде Асқар Забикулиннің ерлігін ерекше атап өтуге болады, өрт сөндірушінің жанқиярлық еңбегі лайықты бағаланды, енді оның атында көше бар, өзі қызмет еткен өрт сөндіру бөлімінің аумағында батырға ескерткіш ашылды. Бүгінде Құтқарушы күні төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою ісіне тікелей қатысатын мамандардың барлығын біріктіретін шын мәніндегі жалпыхалықтық күн болды. Адалдық, батылдық пен батырлық таныта отырып, қызметтік міндеттеріңізді абыроймен орындаңыздар! – деді мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов жиында сөйлеген сөзінде.

Күн мен түннің кез келген уақытында, боран мен аязда, жаңбыр мен ыстықта, кез келген



білмейтін жан кемде-кем. Ол – 2022 жылдың қараша айында қызметтік борышын өтеу кезінде қаза тапқан елордалық өрт сөндіруші. Асқардың батыл әрекеттерінің арқасында адам өмірі сақталды. 19 қазанда Асқар Забикулин атындағы №6 Мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі аумағында өрт сөндіруші, Халық қаһарманы Асқар Забикулинге ескерткіш ашылды. Оған Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, қалалық мәслихаттың төрағасы Ерлан Каналимов, сала ардагерлері, елордалықтар қатысты.

– Құтқарушылар күні қаһарман өрт сөндіруші Асқар Забикулиннің бюсті ашылғаны – елорда өміріндегі ерекше оқиғаның бірі. Оның жанқиярлық әрекеті, қаһармандығы мен батылдығының арқасында адамдар ажалдан құтқарылды. Асқар Забикулиннің ерлігі жүре-

гімізде мәңгі сақталатыны сөзсіз.

Күні-түні ел қауіпсіздігі жолында тынбай еңбек етіп жүрген құтқарушыларды кәсіби мерекелерімен құттықтаймын! Сіздердің ерліктеріңіз, қажырлы еңбектеріңіз үлкен құрметке ие, әрі өте қауіпті мамандық саналады. Бәріңізге қызметтен ылғи да аман-есен оралуды тілеймін! – деді қала әкімі Жеңіс Қасымбек өз сөзінде.

– Бүгін еліміздің батырлары – қазақстандық құтқарушылар кәсіби мерекелерін атап өтуде. Қызметтеріңізді абыройлы атқару үшін теориялық және практикалық базаны жақсы меңгеріп, кез келген төтенше жағдайларға дайын болу керек екені белгілі. Олардың әрқайсысының жұмысы жоғары кәсіпқойлықты, жауапкершілік пен адалдықты талап етеді. Кейде өз өмірлеріне қауіп төнсе де құтқарушылар мыңдаған



құрамымен 257 адам құтқарылды, қауіпсіз аймаққа 378 адам эвакуацияланды.

Быыл елордалық өрт сөндірушілер Қостанай облысында (98 құтқарушы, 18 өрт техникасы), Абай облысында (103 өрт сөндіруші және 18 техника) және Павлодар облысында Ертіс орманы өртіне қарсы күресте де айрықша ерлік көрсетіп, әріптестеріне көмектесті.

Сондай-ақ жедел-құтқару жасағының құтқарушылары апатты жер сілкінісінен зардап шеккендерге көмек көрсету үшін Түркия Республикасына барды. Өрт сөндірушілер мен құтқарушылар қойылған міндеттерді абыроймен орындап, алғыс хаттармен, медальдармен және төсбелгілермен марапатталды.

Қазір елорданың қауіпсіздік күзетінде екі мыңнан астам қызметкер еңбек етуде. Олар – өрт сөндірушілер мен құтқарушы-

Интернациональный теміржолына 2, Тельман теміржолына 4 шығуға арналған өрт сөндіру депосы салыну үстінде, – дейді Төтенше жағдайлар департаменті басқармасының бастығы Еркін Отарғалиұлы.

Басқарма бастығының айтуынша, жыл сайын елордалық гарнизон бөлімшелері орта есеппен 4 мыңға жуық шұғыл шығулар жасайды, 600-ден астам өрт сөндіріледі, мыңнан астам адамның өмірі сақталады.

Қызметтік борышқа адалдық, мамандыққа деген сүйіспеншілік, мінездің беріктігі мен жауаптылығы құтқару ведомствасының қызметкерлеріне өздерінің қиын жұмыстарын лайықты орындауға мүмкіндік береді. Өрт сөндірушілер үшін төтенше жағдай – бұл әдеттегі жұмыс күні. Ол – адамдардың қауіпсіздігі жолында жасалып жатқан абыройлы міндет.



РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАЛАЙ ҰЛЫҚТАЛАДЫ?

Елордада Республика күніне арналған 200-ден астам мәдени-бұқаралық, спорттық және әлеуметтік іс-шаралар өтеді. Кеше қалалық коммуникациялар қызметінің алаңында Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов және қалалық Мәдениет басқармасының бөлім басшысы Ақерке Жұманбаева осы мерекенің мән-маңызына тоқталып, соның аясында ұйымдастырылатын іс-шаралармен таныстырды.



Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

– Республика күні – еліміз үшін ерекше маңызды мереке. 1990 жылы 25 қазан күні Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданып, еліміз тәуелсіздігін алуға тұңғыш қадам жасады. Осымен екі жыл қатарынан еліміздің түкпір-түкпірінде Мемлекеттік әнұран шырқалып, патриоттық шығармалар халыққа жол тартады.

Үйлердің қасбеті мен терезелерінде Мемлекеттік ту желбіреп, жаппай флешмобтар ұйымдастырылып жатыр, – деді Нұрдәулет Әлмұханов.

Биыл елордада мереке аясында концерттерді, автошерулерді, көрмелерді, балаларға арналған көрікті жерлерге экскурсияларды, дөңгелек үстелдерді, ұлттық спорт түрлерінен турнирлерді және басқа да көптеген іс-шара өткізу жоспарланып отыр. Олар орталық алаңдар мен ірі нысандарда, тұрғын алаптарда, білім

беру ұйымдарында, қаланың басқа да көптеген жерінде өтеді.

Республика күніне орай әлеуметтік жағдайы төмен адамдарға 1 мыңнан астам азық-түлік себеті таратылды. Мереке қарсаңында 6 ірі спорттық жарыс, соның ішінде конкурдан Қазақстан чемпионаты, жастар мен жасөспірімдер арасында бокстан Азия чемпионаты ұйымдастырылады.

Ақерке Жұманбаеваның айтуынша, биыл Республика күнін мерекелеу қарсаңында қалалық Мәдениет басқармасына қарасты 12 мекеменің қатысуымен 20-дан астам рәсім өткізу жоспарланған. Соның бірі – күрделі жөндеуден өткен М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрында 23 қазан күні «Әлия» драмасының премьерасы. Бұл қойылыммен өнер ұжымы 123-маусымын ашады. «Наз» мемлекеттік би театры 24 қазанда «Республика – Қазақстан» мерекелік концертін өткізеді. Осы күні Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы мерекелік концерт ұсынып, «Барыс Аренада» «Ұлытау» тобының 25 жылдығына арналған концерт өтеді. 25 қазанда Бейбітшілік және келісім сарайында «Отан қымбат» концерті ұйымдастырылады. Осы күндері елорда аудандары шет аймақтарының тұрғындары мерекелік концерт тамашалайды. Бұл концерттер Пригородный, Жағалау, Интернациональный, Өндіріс елді мекендерінде, Көктал саябағында өтеді. Қуыршақ театры 25 қазанда «Қаңбақ шал» ертегісін ұсынады.

ҮЗДІК АСПАЗ АНЫҚТАЛДЫ

Сервис және туризм колледжінің базасында «Үздік аспаз-2023» байқауы өтті. Оған елорда колледждерінің студенттері және аспаз мамандар қатысты.

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

Іс-шараның ашылу салтанатында сөз алған колледж директоры Салтанат Басығараева:

– 20 қазан – Халықаралық аспаздар күні ұйымдастырылған байқаудың мән-маңызы зор. Біріншіден, қатысушы студенттер практикалық қабілетін шындайды. Екіншіден, үміткерлер өзара тәжірибе алмасып, тағам пісіруде қиял мен сезімді ұштастырады.

Біздің колледжде 12 мамандық бойынша 1206 студент білім алады. Оның 395-і аспаз мамандығы бойынша білімін шыңдауда. Соңғы үш жылда 356 аспаз диплом алып, түрлі мейрамхана мен асханаға жұмысқа орналасты. Шыны керек, аспаз мамандығы бойынша білім алғандар жұмыссыз қалған емес, – деді.

Биыл сервис және туризм колледжінде гүл өсіруші-флорист, ландшафт дизайнері сынды жаңа мамандыққа лицензия алып, тәлімгерлерге терең білім беруді жолға қойыпты.

«Үздік маман» жобасының үйлестірушісі Олжас Ғамитовтің сөзінше, аспаздан бөлек, тігінші, ағаш шебері, дөңгелек ауыстырушы, сантехник, дәнекерлеуші, шаштараз, бариста, флорист сынды мамандардың жары-



сы дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

«Үздік аспаз-2023» байқауына 15 қатысушы келіпті. Олар 11 критерий бойынша сараланады. Бірінші тапсырма кезінде 40 минут ішінде суық тағам дайындайды. Екінші тапсырма бойынша 1 сағат 20 минутта ыстық тағам дайындап, оны безендіруі мен ұсынуы есепке алынады.

– Дәмді ас дайындауда адамның талғамы биік, өз-өзіне жоғары талап

қоя білуі керек. Аспаздың тұздық пен дәмдеуіш мөлшерін қолдануы да маңызды. Ас пісіруге қажетті құралдарды өз орнымен пайдалану керек. Біз қатысушылар арасында үздікті анықтағанда осындай жайттарды бағалаймыз, – деді әділқазы алқасының мүшесі Әлия Боранбаева.

World Skills ережесі бойынша өткен байқауда Кирилл Махов үздік аспаз атанды.

МЕКТЕПІШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығы мен №90 мектеп-гимназиясы мектеп мұғалімдеріне арнап «Мектепішілік бақылау жүйесіне әдістемелік қолдау көрсету» тақырыбында республикалық кеңес ұйымдастырды.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

Алдымен мектеп директоры Гүлжанат Абдраманова қатысушыларды мектептің тыныс-тіршілігімен таныстырды. Замануи техникалармен жабдықталған әр кабинет ұстаздарға ерекше әсер қалдырды. Оқу-ағарту министрлігі Сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы Майра Мелдебекова кеңесте мектептің тарихына қысқаша тоқталып, оның бұрынғы басшысы туралы естелік әңгімелер айтып, ұстаздарға сәттілік тіледі. Басқосуда білім саласының спикерлері мектепішілік бақылау жүйесінің маңызына тоқталды. Өз кезегінде Білім басқармасы жалпы

орта білім берудің мазмұны мен әдістеме бөлімінің басшысы Асыл Амангелдиева білім беру ордаларындағы білім сапасына мән беру керегін баса айтты.

Кеңес ІІІ панельдік сессиядан тұрды. І панельде оқу процесін бақылау, білімдегі олқылықтың орнын толтыру бойынша үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс істеу жайы қаралса, ІІ панельде оқу-зерттеу қызметі, мұғалімдердің шеберлік деңгейін, әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау және ІІІ панельде тәрбие процесінің сапасын, іс-шаралар өткізуді бақылау сөз болды. Міне, осы 3 бағыттағы сессияда педагогтар шеберлік сағатына қатысып, пікір алмасты, тәжірибе бөлісті.

Жиында сапалы білімге қызмет ету, мұғалімнің әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау, педагогтарды және білім беру ұйымдарын әдістемелік қолдау, мектепішілік бақылауды жоспарлау, кедергілер мен ұсыныстар, оқу процесінің сапасын бақылау тақырыптары туралы сөз қозғалды.

Қазіргі таңда сапалы білім беруді жаңғырту заман талабы болып отыр. Жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілеті мен белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, өмірде оны қолдана білуге бағыттау ұстаздың басты міндеті болса, оның кәсіби білігін арттыру, әдістемелік көмек көрсету орталықтың негізгі жұмысы болмақ.

Астана еліміздің бас қаласы болғанына да 25 жыл болды. Ширек ғасырда елордамыз күннен-күнге көркейіп жатқанын жарыса айтып келеміз. Бірақ Астана тек Есілдің сол жағалауы мен «Бәйтерек» маңайынан тұрмайтынын естен шығармайықшы. Қала маңындағы шағын аудандардың мәселесі шаш етектен. Соның бірі – Үркердегі халықтың үркі қарап отырған кәріз тазарту станциясының (КТС) салынуы.

ҮРКЕРЛІКТЕРДІ ҮРКІТІП ОТЫРҒАН НЕ?

Үркерліктердің үркі қарайтындай жөні бар. Осы уақытқа дейін «Астана су арнасына» қарасты қалалық кәріз тазарту станциясының зардабын сол үркерліктер тартып келеді. Жаз болса үйге қамалып, таза ауадан тарыққан елдің алды бүгінде ауыра бастаған. Тұрғылықты халық арасында демікпе, ісік ауруы өршіп түскен. Бір кәріз тазарту станциясынан құтыла алмай жүргенде, 2016 жылы қабылданған шешім бойынша тағы 2 кәріз тазарту станциясы салынатынын естіген жұрт тіптен наразы.

Халық санының өсуіне байланысты жалғыз кәріз тазарту станциясының қауқары жетпейтіні түсінікті. Ел оның салынуына емес, тұрғын үй алқаптары маңына жақын салынуына қарсы. Құжаттамаға сүйенсек, нысан Қорғалжын тасжолының бойында, «Карамель» тұрғын үй кешеніне қарама-қарсы жерге салынады. Нысан мен тұрғын үйлердің арасындағы қашықтық 3 шақырымды ғана құрайды.

Одан қала берді №2 кәріз тазалау станциясы қала халқы демалатын жасыл желектен бес қадамдық жерде, халқымыздың тарихи-мәдени мұрасы – Бозоқ қаласының аспан асты музейіне жақын орналаспақ. Ол елорда халқының мәдени-тынығуына да кедергісін келтіретіні сөзсіз. «Мұндай маңызды нысандар қала маңынан тыс аумаққа, кемінде 50 шақырым жерге салынса» дейді тұрғындар. Бұл нысандарды салуда жергілікті халықтың пікірі мен рұқсаты негізге алынбаған, қоғамдық тыңдау ұйымдастырылмаған. Халық бүгінде петиция жариялап, басым көпшілігі өзінің осы нысанды салуға қарсы екенін ашық білдіруде. БАҚ құралдарына да ақпараттар жариялап, тұрғындар талап-тілегін бірнеше рет жеткізген. Одан да еш нәтиже болмаған.

Экологиялық кодексте, ста-

ционарлық көздің және стационарлық көздер жиынтығының жол берілетін шығарындыларының нормативтерін сақтау мониторингі мемлекеттік реттеуге жататын өлшемдердің бекітілген тізбесіне сәйкес өлшеу арқылы жүзеге асады делінген. Бірақ та Үркер аймағында мониторинг жүргізілмеген. Жоғарыда аталған халықтың талап-тілегін ескере отырып мынадай ұсыныстарды жолдаймын.

Біріншіден, «Астана су арнасы» жұмыс істейтін нысанға қоғамның қатысуымен апта ішінде тәуліктің әртүрлі уақытында (түнде де) ауа сынамасын алу үшін экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізу қажет. Нәтижелерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау және қажетті шараларды қабылдау керек.

Екіншіден, кәріз тазалау станциясы аймағында тұратын астаналықтардың қауіпсіз және жайлы өмір сүруін қамтамасыз ету; атмосфераға SAP ENS ЕС зиянды заттардың шығарындылары мен төгінділерінің электрондық дисплейі бар шығарындылар көзінде автоматтандырылған бақылау жүйелерін орнату; алдағы уақытта барлық кәріз тазалау станциясы сүзгілерін жаңа сүзгілерге ауыстыру қажет.

Үшіншіден, Астана қаласының Бас жоспарынан қаладан тыс Ақмола облысына дейін, қала шекарасынан 50 шақырымнан астам қашықтықтағы кәріз тазалау станциясы құрылысы алынып тасталсын.

Төртіншіден, 2023-2024 жылдары Үркер, Комсомол, Жағалау шағын аудандары, Тұран даңғылы, Қорғалжын тасжолы, ІІІ.Айтматов көшесі, Қараөткел бойында орналасқан тұрғын үй кешендерін көгалдандыру жұмысын қолға алу керек.

Дәулет МҰҚАЕВ,
Мәжіліс депутаты

МӘУЛІТ КЕШІ ӨТТІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен Бейбітшілік және келісім сарайында «Ізгілік жаршысы – Әз Мұхаммед» атты мерекелік Мәуліт кеші өтті. Кеш адамзаттың асылы – пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) туған айына арналып ұйымдастырылды.



Мәуліт кешінен Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы салтанатты түрде сөз сөйлеп ашты. ҚМДБ-ның төрағасы пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Мәуліт айымен елорда жұртшылығын құттықта-

ды. Бас мүфти Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ғибратты ғұмырынан сыр шертіп, мұсылмандарды оның көркем мінезінен үлгі алуға шақырды.

Сәбина КӘКІМЖАН

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

Жекеменшік мектеп «Tamos Space School» (Тамос Спейс Скул) ЖШС, БСН 190740007435 жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2023 жылы 4140000 теңге). Ата-аналарға төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8-7172-69-50-37, 8-7172-69-50-58, сайт: www.fincenter.kz

ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Республика күніне және Астана қаласының 25 жылдығына арналған «Ел жүрегі – елорда» атты оқушылар арасындағы шығармалар байқауы өз мәресіне жетті.

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында өткен марапаттау рәсіміне Астана қаласы мәслихатының депутаты Ерлан Дәкенов, Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдаулет Әлмұханов, қалалық Білім басқармасы жалпы орта білім берудің мазмұны мен әдістеме бөлімінің басшысы Асыл Амангелдиева мен «Астана дарыны» орталығының директоры Жанар Бейсенбаева қатысты.

Бүгінде «Elorda Aqparat» медиахолдингі ақпарат жазып, таратумен қатар, ағартушылық және қоғамдық қызметті қоса атқарып келеді. Бұл туралы Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдаулет Әлмұханов айтты. Салтанатты іс-шарада сөз алған «Elorda Aqparat» ЖШС бас директоры Олжас Сыдықбек: – Астана қалалық ішкі саясат басқармасы мен білім басқармасының қолдауымен қыркүйек айының басында «Мектеп және медиасауаттылық» жобасын бастадық. Елордадағы білім ордаларына арнайы барып, ұстаздармен және оқушылармен кездесіп, ақпараттық ғасырда медиасауатты болудың маңы-



зы туралы жан-жақты түсіндіріп, жасөспірімдердің кітап оқу мәдениетін арттыру, жазу өнеріне баулуды мақсат еттік.

Сондай-ақ ұстаздар арасынан авторлар тарту, оқушыларды газет өндірісіне араластыруды ойладық. Қазір оқушылар редакцияға келіп, газет шығару ісімен танысып, түрлі тақырыпта мақала жаза бастады. «Ел жүрегі – елорда» байқауына келетін болсақ, 200-дан аса материал түсті. Бұлардың ішінен нағыз жүйрікті, шынайы талантты анықтау қиын болды. Барынша әділ шешім шығару үшін комиссия мүшелеріне шығарма авторлары туралы деректі жасырып, тек нөмір арқылы ғана дауыс беру әдісін таңдадық. Яғни қатысушы оқушының аты-жөні, сыныбы, мектебі туралы ақпарат болмады. Сөйтіп, шығарманың шынайылығы мен мазмұны ғана бағаланды. Іріктеудің бірінші айналымынан кейін 30 жұмыс іріктеліп алынды. Сосын осылардың арасынан үздігі анықталды, – деп байқауды қазылардың қара қылды қақ жарып, шешім шығарғанын айтты.

Бір қызығы – шығарма авторларының көбі Астанаға өзге қаладан қоныс аударғандар. Олардың бас қалаға келу тарихы, жаңа ортаға үйренуі соншалықты шынайы, соншалықты әсерлі суреттелгенін көруге болады. Бір қатысушы өзінің Астанаға деген іңкәрлігі әжесінің Бәйтерек туралы ертегісінен бастау алғанын жеткізіпті. «Әжем ертегісінде он адамның құшағы жетпейтін алып ағаш болады, оны Бәйтерек деп атайды. Сондай ағаш Астананың тура ортасында өсіп тұр деп айтатын. Мен ол кезде ауылда тұратынмын. Содан бастап менің Астанаға баруға деген құштарлығым оянды» деп ағынан жарылыпты. Тағы бір оқушы «Балапан арнасының жүргізушісі болу үшін елордаға ынтыққанын жазса, бас жүлде алған білімпаз әлемде астанасы жоқ ұлттар бар екенін, осы тұрғыда айтқанда, біз қандай бақыттымыз деп пайымдайды.

«Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» шыққан оқушылар сол күні зор құрметке ие болды. Бас демеуші – кәсіпкер және меценат Исламбек Салжанов тағайындаған сыйлықтар жеңімпаздар мен жүлдегерлерге табысталды. Altyn Qutap Foundation қоғамдық қоры шығармашылық адамдарға керекті қосалқы заттар – смартфон, планшет сынды сыйлықтарды ұсынды. Арнайы ынталандыру сыйлығы С.Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназиясының оқушысы Ақерке Қазимоваға, А.Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясының тәлімгері Дінмұхаммед Айтжанға, Қ.Сәтпаев атындағы Binom school мектебінің шәкірті Мақсат Қуанышқа берілді. Үшінші орынға Ә.Бөкейханов атындағы BINOM мектеп-гимназиясының оқушысы Айкерім Ерлан, Ж.Тәшенев атындағы №10 мектеп-гимназияның оқушысы Аружан Жандосова, №30 мектеп-гимназиясының оқушысы Хусейнмухаммедали Чалышкан лайықты деп танылды. Екінші орын Қаныш Сәтбаев атындағы Binom School мектебінің оқушысы Каусар Жазыбай мен №92 мектеп-лицейінің оқушысы Жігер Берікқалиевке бұйырды. Бірінші орынды М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясының оқушысы Әмина Уәлихан алды. Бас жүлде және Бурабайдағы «Балдәурен» демалыс лагеріне жолдама Қ.Сәтбаев атындағы Binom School мектебінің оқушысы Каусар Шалқарға табысталды. Барлық жүлде алған оқушылардың жетекшілері мен ата-аналары сахна төріне шақырылып, ұйымдастырушылар тарапынан арнайы алғыс хаттармен марапатталды.



ЕЛ ЖҮРЕГІ – ЕЛОРДА

«ЕЛ ЖҮРЕГІ – ЕЛОРДА» ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, ОҒАН 200-ДЕН АСТАМ МАТЕРИАЛ ТҮСТІ. АРНАЙЫ ҚҰРЫЛҒАН КОМИССИЯ МАҚАЛАЛАРДЫҢ ШЫНАЙЫЛЫҒЫНА, ӘСЕРШІЛДІГІНЕ, МАЗМҰНЫНА ҚАРАП БАҒАЛАП, ҮЗДІКТЕРДІ АНЫҚТАДЫ. СОНДАЙ ТОПТАМА МАТЕРИАЛДАРДЫ ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНЫП ОТЫРМЫЗ.

АРМАНЫМДЫ ОРЫНДАДЫ

Отбасым Астанаға жуырда көшіп келді. Бұрын ата-анаммен келіп-кетіп жүретінмін. Сол кездегі және қазіргі қаланы салыстырсам, екеуі екі басқа екен. Қазір «мен астаналықпын» деген мақтаныш пайда болды. Қалайша мақтанбасқа? Мұнда адамның білім алуына, жан-жақты жетілуіне барлық жағдай жасалған. Менің кішкентай қарындасым Қадыр Мырза-Әлі атындағы Binom мектебіне барады. Сол мектепке барар жолымыз құрылыстың ортасынан өтеді. Құрылыс алаңында өсіп тұрған шөп қаңбақ екен. Әжемнің ертегісіндегі «Ұшарымды жел, қонарымды сай біледі» деген бұл өсімдік сар далада домалап бара жатқанын ауылға барғанда көріп, талай қуғанмын. Қаланың орны айдала болғаны көз алдыма елестейді, желдің өтінде тұрған-ау, енді, міне, еліміздің кіндігінде осындай әсем де, заманауи Астананың бой көтергені қиял-ғажайып ертегідегідей емес пе? Ата-бабаларымыз армандаған қаланың тұрғындары күн санап өсіп келеді. Отбасыммен бірге демалыс күндерді асыға күтеміз. Өйткені бізді әр сенбі күні әкем түрлі ойын-сауық орталығына апаруды дағдыға айналдырды. Түнгі Астананың самалдай жарқыраған сұлу жерлерін де аралатады. Қаланың бақтарын, мұражайларын тамашалап, демалып қайтамыз. Жаңа жердегі жаңа өміріміз жақсы басталды деп қуанып жүрген ата-анам туралы айтқым келеді. Бұрын әкемнің тұрақты жұмысы болмайтын, ал Астанада жақсы жерге жұмысқа тұрды. Ал анам болса, ең соңғы үлгідегі заманауи мектепте өзінің ұстаздығын жалғастыруда. Әпкем Еуразия Ұлттық университетінде білім алады. Ал мен жақсы мектепте оқимын. Мұның бәрі менің арманым еді. Осы арманымды Астана орындады!

Мақсат ҚУАНЫШ,
Қаныш Сәтбаев атындағы
Binom school мектебінің оқушысы

ЕЛОРДА КӨРКІ – «БӘЙТЕРЕК»

Астана қаласының көрікті жерлері өте көп. Соның ішінде «Бәйтеректі» ерекше айтар едім. Алғаш рет «Бәйтерек» туралы әжемнен естідім. Әжем «Үлкен ағаш болады, соны «Бәйтерек» деп атайды, оны Астанадан көруге болады» деді. Ол кезде мен ауылда тұратынмын. Ата-анама Астанаға барып «Бәйтеректі» көргім келетінін айттым. Бұл кез ақпан айы еді. Анам оқу жылы аяқталсын, жазда орталыққа көшеміз деп қуантып қойды. Мен оқу жылы біткенін асыға күттім. Футбол – менің сүйікті спортым. Сол себепті футбол менің өмірімнің бір бөлшегі десем, артық айтпаспын. 5 жасымнан доп тебуді бастадым. Міне, маған сүйікті спортымды дамытуда Астана таптырмас мүмкіндік екенін іштей ойладым. Өйткені Астана – дамыған қала. Көзді ашып-жұмғанша оқу жылы да бітті. Біз Астанаға пойызбен жол тарттық. Келдік. Көрікті жерлерін көзбен көрдік. Астанаға үйренісу оңай болған жоқ. Өйткені менің достарымның бәрі ауылда еді. Үлкен қалада дос табуда футболдың әсері көп болды. Әкем жаңа командаға апарды. Сонда жаңа достар

тауып, қалаға тез үйренісіп кеттім. Алғаш келгенде әкем айтқан үлкен ағашты іздедім. Әкем күліп, мені «Бәйтерекке» әкелді. Сөйтсем, «Бәйтерек» Астананың көркі екен. Бәйтеректің үстіне мініп, тілек тіледім. Мен «Бәйтеректен» күшті әсер алдым. Себебі адамдар өте көп болды. «Бәйтеректе» тілегім қабыл болып, қазір Астанадағы мектепте білім аламын, әрі «Алаш» деген командада доп тебемін. Мақсатым – «Астана» футбол командасының сапына қосылғым келеді. Астана менің бұл арманымды орындайтынына сенемін!

Дінмұхаммед АЙТЖАН,
Абай Құнанбайұлы атындағы
№87 мектеп-гимназия оқушысы

ШЫРАЙЛЫ ШАҒАР

Елордадағы мектептерде терең білім мен саналы тәрбие беретін жақсы үрдіс қалыптасқан. Мұндай жағдай ерекше балаларға да қаралғаны қуантады. Астана қаласының тұрғыны болғанымыз мақтан етеміз. Басқа балаларға қарағанда, мен ерекше баламын. Менің көру қабілетім төмен. Бірақ мен сияқты балалар үшін қаламызда жан-жақты мүмкіндіктер бар. Коррекциялық сыныптары бар мектеп-гимназияда оқимын және мектепте бізге бар жағдай жасалған. Онда білім де аламыз, ем-дом да қабылдаймыз, ыстық тамақ та қамтылған. Үлкен шрифті оқулықтармен оқимыз, психолог, логопед мамандар бізбен жұмыс істейді. Басқа балалар да бізді шеттетпейді. Мектептегі өткізілетін тәрбие іс-шараларына да белсене араласамыз. Менің ерекшелігім маған армандарымды жүзеге асыруға кедергі жасамайды. Біз мектеп өмірімен ғана шектелмейміз. Мектептен тыс түрлі шығармашылықпен айналысамын. Қазір өнер мектебін бітіріп, музыка мектебінде оқып жүрмін. Оған қоса екі шет тілін үйреніп жатырмын. Қолөнер үйірмесіне де баруға уақыт табамын. Бұлармен шектеліп қалғым келмейді. Әлі көп нәрсені біліп, үйренгім келеді.

Мен болашақ мамандығымды таңдап қойдым. Білікті психолог болып, басқа адамдарға көмектескім келеді. Мен өз күшіме сенемін! Өйткені Астана қаласында әр бала өз арманына қол жеткізе алады. Елордамызда мен сияқты балалар үшін сауықтыру орталықтары, үйірмелер мен спорт секциялары және өзіңді дамытамын, біліміңді жетілдіремін десен, орталықтар көп. Қорытындылай келе, елордада туып, қалыптасып келе жатқанымыз мақтан етеміз. Себебі мен сияқты туа біткен кемшілігі бар балаларға барлық жағдай жасалған.

Аружан ЖАНДОСОВА,
Жұмабек Тәшенев атындағы
№10 мектеп-гимназия оқушысы

№125 (4558) 21/10/2023 Сенбі

Төлен
ТІЛЕУБАЙ**іКОМЕК109
ҚАЛАЙ ҚҰРЫЛДЫ?**

Астана қаласы әкімдігін трансформациялаудың бірінші кезеңі аясында «Астана қаласы әкімдігінің қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы (iKomek109)» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны құрылғаны мәлім. iKomek109 орталығы 109 кезекшілік қызметі, әкімдіктің байланыс орталығы және Астана қаласы әкімдігінің ахуалды бақылау орталығының мониторинг командасын бір жүйеге біріктіру жолымен қалыптасқанын білеміз. 2023 жылдың басынан бастап Астана қаласы әкімдігінің шешімімен халыққа коммуналдық қызмет түрлерін көрсету бөлігіндегі «қайталама» қызметтерді оңтайландыру мақсатымен iKomek109 орталығы және iQala жобасының қызметтерін біріктіру бағытында жұмыстар жүргізілді. Сондай-ақ биыл iKomek109 орталығына Астана қаласы әкімдігінің жобалық кеңсесі де біріктірілді.

Осылайша, iKomek109 орталығы негізгі 6 маңызды қызметті атқаратын тиімді цифрлы жобаға айналды. Олар: қала тұрғындарының шағымдарын қабылдау; әртүрлі апаттар мен оқиғас оқиғалар кезінде қалалық коммуналдық және жедел әрекет ететін қызметтердің жұмысын үйлестіру; әртүрлі оқиғас оқиғаларға дер кезінде бақылау жасау, оқиғас оқиғалар кезіндегі құқық бұзушылық іс-әрекеттерді анықтау және өңдеу; тұрғындарды алдын ала қауіптендер сақтаңдыратын іс-шаралар саясатын жүргізу және бейнебақылау жүйесінің көмегімен қаладағы ахуалды «осында және қазір» режимінде жедел қадағалау; жобалық басқару тәсілдері мен құралдарын пайдалана отырып, Астана қаласын дамыту бағдарламаларын қолданысқа енгізуде тиімді ынтымақтастық және өзара келісілген жұмыс жүргізуді қамтамасыз ету; тұрғын үй-коммуналдық секторындағы ұйымдар үшін қалалық қызмет түрлеріне қолжетімділікті жеңілдету.

**1,345 МЛН ШАҒЫМҒА
ЖЕДЕЛ ЖАУАП
ҚАЙТАРЫЛҒАН**

Астана қаласы әкімдігінің мониторинг және жедел әрекет ету орталығынан (iKomek109) алынған ресми мәлімет бойынша халықтың күнделікті тіршілігін қамтамасыз ету бойынша бірінші байланыс орталығының басты мақсаты – астаналықтардың 90 пайызға дейінгі шағымдарын қашықтан отырып операциялық деңгейде тездетіп шешу. Мәселен, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бері iKomek109 орталығына 1 млн 633 мыңнан астам шағым-сауал түсіпті. Осы шағымдардың 1 млн 345 мыңына (81 пайызы) бірінші қоңыраудан кейін жедел жауап қайтарылған. Бір назар аударарлық жайт, олардың бәрі – кеңес алу түріндегі шағымдар.

Тұрғындардың тарапынан «iKomek109 орталығына қалай жедел хабарласуға болады?», «iKomek109-дан қалай тез көмек ала аламыз?» деген сауалдар үнемі болып жататыны анық. Бүгінгі таңда iKomek109 бірыңғай байланыс орталығына шағым берудің 7 түрлі қолайлы тәсілі бар:

1. қалалық нөмірден, я болмаса ұялы телефоннан «109» қысқа нөміріне тегін қоңырау шалуға болады.
2. iKomek109 мобильді қосымшасы арқылы хабарласуға болады.
3. Telegram-бот арқылы байланысқа шыға аласыз.
4. astana.gov.kz сайты арқылы шағым жібере аласыз.
5. Facebook әлеуметтік желісі арқылы шағым жіберуге болады.
6. 109@ikomekastana.kz сайты арқылы байланысқа шыға аласыз.
7. Instagram әлеуметтік желісі арқылы шағым жіберуге болады.

iKomek109 орталығына келіп түскен барлық шағымға талдау жасағанда белгілі болғандай, тұрғындар шағымдарының басым бөлігі денсаулық сақтау саласына қатысты екені анықталды. Бүгінге дейін осы салаға қатысты 494 мыңнан астам (барлық сауалдың 31 пайызы) арыз тіркелген. Одан кейінгі орында қалалық қоғамдық көлікке қатысты қойылған сауалдар тұр: 253 мыңнан астам (барлық сауалдың 16 пайызы). Осы екі санат басқалардан

үлкен айырмашылықпен бөлінгені анық байқалған.

«Күн сайын бізге 5000-нан 8000-ға дейін тұрғындардың шағымы келіп түседі. Күнделікті қалалық әкімдіктің коммуналдық кәсіпорындары мен басқармалары 5000-ға жуық шағымды қарап, жауабын дайындайды. Соның ішінде операторлар 3000 сұраққа бірінші қоңыраудан кейін жауап береді. Қоңырау соққан адамның шағымын тыңдауға 38 секунд жұмсалады. Әлеуметтік желілер арқылы қойылған сұраққа 10 минут кетеді. Біздің қызметкерлеріміз күрделі деген сұрақтың жауабын 7 күнде қарастырып, нақты жауабын дайындап, шағым берген адамға жібереді» дейді iKomek109 қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығының басшысы Асқар Тақсымов.

Оның айтуынша, 2023 жылдың басынан бері әлеуметтік желілер бойынша қабылданған шағымдардың реті былай орналасқан:

- Telegram – 36690 шағым;
- Instagram – 17833 шағым;
- Facebook – 2319 шағым.

15 ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС АШЫЛДЫ

Құзырлы мекеме басшысы iKomek109 орталығына қаланың аумағында, соның ішінде балабақшалар, мектептер, емханалар және өзге де әлеуметтік нысандар бар жерлерге 9 мыңнан астам бейнебақылау камерасы бөлінгенін айтады.

«Негізінен алғанда, бұл камералар сауда-саттық және ойын-сауық орталықтары, мешіттер, ірі автобус аялдамалары, вокзалдар сияқты халық ең көп шоғырланатын қоғамдық кеңістіктерге орнатылған. Бұдан бөлек, орталықтың операторлары қалалық бейнебақылау жүйесінің көмегімен әр мезгілде көшелердегі күрелмеген қарды,

жауын-шашын, я болмаса көктемгі су тасқыны кезіндегі су басқан жерлерді, аузы ашық қалған құдықтарды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы басқа да жағымсыз оқиғаларды анықтайды. Бұл саладағы анықталған барлық мәселені қалалық коммуналдық қызмет көрсететін мекемелер жедел өзінің қарауына алып, оларды шешу жолдарын табуға кіріседі» дейді ол.

iKomek109 орталығының өзіндегі қауіпсіздік мәселесін барынша тиімді үйлестіру мен орталықтандырылған мониторинг жүргізу үшін Астана қаласы әкімдігі Полиция департаментінің қызметкерлері жұмылдырылған. iKomek109 орталығы мен полициялардың бірлесе жүргізген жұмысының нәтижесінде 2023 жылдың басынан 15 қазанға дейінгі уақытта 15669 құқық бұзушылық іс-әрекет анықталған. Бұл жерде ең маңыздысы – әрі әкімшілік, әрі қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекеттердің араласып жүретіні. Әкімшілік құқық бұзушылық іс-қимылдарға: спирт ішімдіктерін ішу, қоғамдық орындарда мас күйінде жүру, бұзақылық жасау және тағы басқалары жатады. Жоғарыда келтірілген 15669 құқық бұзушылық іс-әрекеттің 2652-сіне орталық операторлары бірден хаттама толтырған. Әкімшілік құқық бұзушылық іс-қимылға хаттама ресімдеудің нәтижесінде салынған айыппұлдар есебінен қала бюджетіне 45747000 теңге түсім жиналыпты.

Асқар Тақсымов 2023 жылдың басынан бері iKomek109 орталығы қызметкерлерінің 15 қылмыстық істі ашуға көмектескенін айтады. Орталық операторларының қатысуымен ашылған қылмыстарға тонау, ұрлық, озбырлық, адамға дене жарақатын салу, есірткі заттарын қойып кету, алаяқтық жатады.

іКОМЕК-ті КӨМЕККЕ ШАҚЫР!

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Астана қаласы әкімдігінің мониторинг және жедел әрекет ету орталығына (iKomek109) түскен 1 млн 633 мыңнан астам қоңырау тіркелген. Осы сұрақтардың 1 млн 345 мыңына (81 пайызы) бірінші қоңыраудан кейін жедел жауап қайтарылады және олардың бәрі – кеңес алу түріндегі шағымдар. Елорданы цифрландыру процесінде ерекше орын алатын iKomek109-дың тиімді жоба екенін шынайы дерек-дәйектермен дәлелдеп көрелік.

«Құзырлы мекеме қызметкерлері анықтаған барлық қылмыс бойынша сотқа дейінгі тергеу аясында толық тексеру жұмысы жүргізіледі. Сондай-ақ 1 қаңтар-15 қазан аралығында орталық қызметкерлерінің бағыттауымен бейнебақылау камерасы арқылы қаланың шетінде күл-қоқыс төгуге тыйым салынған жерлерге қоқыс төккен 321 ірі жүк тасымалдайтын көліктердің қожайындары әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Олардың 158-іне 505-баптың 1-тармағы бойынша ескерту жасалса, 163-іне 505-баптың 2-тармағы бойынша 20-дан 40 АЕК-ке дейінгі (жалпы сомасы 16870500 теңге) көлемде айыппұл салынды» деп түсіндірді А.Тақсымов.

iKomek109 орталығы ай сайын бейнебақылау камерасының көмегімен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы 1200-1400 құқық бұзушылық іс-әрекеттерді анықтап, тиісінше, оларды құқық бұзу түрлеріне қарай сұрыптап, коммуналдық кәсіпорындарға жібереді екен.

**ӘКІМДІКТІҢ 965 ЖОБАСЫ
ЦИФРЛАНҒАН**

2022 жылы желтоқсанда елорда әкімдігі жобалық кеңсені қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығына (iKomek109) қосу туралы маңызды шешім қабылдады. Міне, сол уақыттан бері Жобалық басқару департаменті жобалық кеңсенің қызметін атқара бастады. Департаменттің негізгі миссиясы – шынайы уақыт режимінде жобаларға сапалы мониторинг жасауды қамтамасыз ету. Ал оның 5 міндетінің бірі – жобаларды басқаруды қысқарту және Астана қаласын дамытуға арналған жобаларды цифрландыру.

Әкімдіктің жобалық қызметіне 21 басқарманы, әкім аппаратын, аудан

аппараттарын, аумақтық департаменттерді, квазимемлекеттік сектордағы 75 субъектіні қосқанда әртүрлі құрылым қатысады. Бұл департамент сондай-ақ көптеген жиын мен кеңес өткізіп, әкімдіктің жобалық персоналына әдістемелік көмек көрсетеді. Жобалық басқару жүйесінде жобаларды цифрландыру мен декомпозициялау белсенді жүрде, қазіргі кезде әкімдіктің 965 жобасы толықтай цифрланған. Қала басшылығы 2025 жылға дейін жаңадан 44400 оқушы орындарын ашуға мүмкіндік беретін 24 жаңа мектептің құрылысына ерекше назар аударып отыр. Бұл мектептер құрылысы «Жайлы мектеп» деп аталатын ұлттық қанатқақты жобаны іске асыру нәтижесінде бой көтереді. Жобалық басқару департаменті осы жобаларды жобалық басқару жүйесінде белсенді түрде үйлестіруде.

Бұдан бөлек, құзырлы департамент Мемлекет басшысының тапсырмалары мен азаматтардың шағымына мониторинг жүргізетін Астана қаласы жобалық кеңсесінің (pmo.astana.kz) ішкі платформасын әзірлеуге де белсенді араласады. Бүгінге дейін аталған платформада 189 бюджет-инвестиция жобасы, Мемлекет басшысының 84 тапсырмасы, азаматтардың 626 шағымы цифрланған. Бұл департаменттің табысты жұмысының бірі – «Qazaqstan Project Management-2023» жобалық басқаруды жетілдіру бойынша ұлттық байқауында департамент директорының орынбасары Жанар Нұрбаева «Жылдың үздік жобалық менеджері» аталымында 3-орын иеленді.

**145 МОНОПОЛИСТІ
БІРІКТІРГЕН ПОРТАЛ**

Қалалық қызмет түрлері департаменті QalaQyzmet жобасы бойынша астаналықтарға қызмет көрсететінін білеміз. Бұл – еліміздегі тұрғындарды, әкімдікті және қалалық коммуналдық қызмет мекемелерінің өзара іс-әрекетін бір жүйеге біріктіретін тұңғыш қалалық хаб. QalaQyzmet – бұл 145 табиғи монополия субъектісінің жұмысын онлайн режимде біріктіре алған портал. Екіншіден, бұл – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының мәселелері бойынша кеңес беретін және композиттік қызмет көрсететін фронт-кеңсе. Күн сайын тұрғындар тарапынан сұраныстың өсуі қалалық қызмет түрлері департаменті жұмысының тиімділігін дәлелдейді.

Бұл мысалды мынадан аңғаруға болады: шағымдар саны 2019 ж. – 3701, 2020 ж. – 69560, 2021 ж. – 148586, 2022 ж. – 173807, 2023 ж. – 202600.

Qala Qyzmet-тің фронт-кеңселеріне күн сайын 100-150 адам, айына 2000-2500 адам келеді. Портал орташа есеппен күніне 700-1000, ал айына 17000-20000 қызмет түрін көрсетеді. Қорыта айтсақ, QalaQyzmet осы жылдар аралығында өзін қалалық әкімдіктің ең табысты, тиімді жобасының бірі екенін көрсетті. Оған дәлел, жоба іске қосылған уақыттан бері 100 мыңнан астам астаналыққа ұзын-саны 600 мыңнан астам қызмет түрі ұсынылған. Қазір бұл жобаны еліміздің өзге өңірлері белсенді қолданысқа енгізіп жатыр.



«Alayaq.net» – алаяқтыққа қарсы және халық арасында қаржылық сауаттылықты арттыру жөніндегі республикалық жастар қозғалысына Нұрсұлтан Орынбеков жетекшілік етеді. Бүгінгі тақырыбымызға байланысты аталған жобаның іске асырушысы Абылайхан Әбдірәшпен тілдестік. Кейіпкеріміз әңгімесін жоба мақсатын таныстырудан бастады.

Қозғалысымыздың басты мақсаты – алаяқтық жоспарлар мен «инфо-бизнесмендер»-ді әшкере-леу. Халықтың, әсіресе, жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру. Осыдан бір жыл бұрын жақын әпкем, өздерін банк қызметкері ретінде таныстырған алаяқтарға алданып, оның мойнына 18.000.000 теңге несие рәсімделді. Бұл оған өте ауыр тиіп, 2 рет инсульт алды. Арада көп өтпей, інім де алаяқтарға алданып, шетелде білім алуға деп жинап жүрген бар қаржысынан айырылған болатын. Осы сәтте оларға қалай көмектесетінімді білмей басым қататын. Осы орайда, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының» қаңтар айында «Алаяқтық схемалар, инфобизнесмендерді әшкере-леу және оларды келеке ету, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру» тақырыбында гранттық байқау жариялағанын көзім шалды. Бірден «Алаяқ.нет» жобасын және сайтының құрылымын жазып, конкурсқа қатысып, грант жеңіп алдым. Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан жобамыз қолдау тапты, – дейді жоба жетекшісі.

Абылайхан Әбдірәштің сөзінше, ұйымда 100-ден аса волонтер бар.

Порталға алаяқтық туралы хабарлама түскен жағдайда берілген мәлімет негізінде сайтта «қара тізімге» орналастырамыз. Ал «қара тізім» дегеніміз – алаяқтар мен соған ұқсас жағдайлардың базасы. Мәселен, сізге күмәнді бейтаныс бір кісі хабарласып несие жайында немесе басқа да сізге қызықты болатын ұсыныстар туралы айта бастайды. Осындай



Жаңа жоба жастардың қаржылық сауаттылығын арттыруға, желідегі алаяқтық жағдайлардың алдын алуға, интернет-алаяқтыққа қарсы күреске жастар мен мемлекеттік органдарды, банк секторын жұмылдыруға бағытталған

АЛАЯҚТЫ ҚАЛАЙ АЖЫРАТАМЫЗ?



Бүгінде халықтың цифрлық сауаттылығының төмендігін пайдаланып, аңғал жандардың ақшасын иемденіп алатындар күн санап көбейіп келеді. Ондай алаяқтар интернет әлемінің қыр-сырын әбден меңгеріп алған. Құлығына құрық бойламайтын заманауи қылмыскерлерге қарсы сақтық шаралары жасалған сайын олардың «жаңа әдістері» таусылмақ емес. Дегенмен жақында іске қосылған «Алаяқ.нет» порталының атқарған жұмысы айтуға тұрарлық.

күдік тудыратын жағдайда хабарласып тұрған адам туралы мәліметті (тел. нөмірін, логин немесе сайтты) біздің «қара тізім» ішінен іздеп көруге болады, – деп түсіндірді ол.

Жаңа жоба жастардың қаржылық сауаттылығын арттыруға, желідегі алаяқтық жағдайлардың алдын алуға, интернет-алаяқтыққа қарсы күреске жастар мен мемлекеттік органдарды, банк секторын жұмылдыруға бағытталған.

Қылмыскерлер болашақ құрбандарының жеке деректерін алу үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Мысалы, мәліметтерді алудың кең тараған түрі – әлеуметтік желілер. Олар фишингтік сілтемелерді жіберіп, ондағы сұрақтарға жауап беруді сұрайды. Сонымен қатар, азаматтарға әртүрлі ұтыс ойындарының жеңімпазы болдыңыз, интернет желісі арқылы заттарды курьер

арқылы жолдаймыз және осы сияқты сылтауларды айта отырып азаматтардың жеке мәліметтеріне қол жеткізеді, – дейді Абылайхан Әбдірәш.

Назар аударатын нәрсе, жоба жетекшілері мен еріктілер ешкімді «алаяқ» деп атамайды.

Біз қандай да бір алаяқтық схема бойынша шағымдар көбейген жағдайда, мәселенің мән-жайын жіті тексеріп, схеманы толық ашып беретін бейнеролик түсіріп, халықтың арасында кеңінен таратамыз. Қазіргі таңда, жастар арасында танымал блогерлеріміз және мамандар алаяқтық жоспарларды зерттеп, соларға бейнероликтер мен мен материалдар дайындап жатыр, – дейді жоба жетекшісі.

Қозғалыс өкілдері жақында халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында онлайн-марафон ұйымдастырмақ. Ол 10 тақырып бойынша жүргізіледі. Марафонға еліміздің кез келген тұрғыны қатыса алады. Шамамен 500 адамды қамту жоспарланып отыр.

Мен интернет-алаяқтықпен күресуді әркім өз отбасынан бастау керек деп ойлаймын. Кез келген сауатты азамат өз жақындарына әлеуметтік

желіні дұрыс қолдануды, алаяқтарға тап болмау жолдарын айтып отыруы қажет. Мәселен, біз осы уақытқа дейін 87 алаяқтық схеманы әшкерелеп, халық арасында кеңінен тараттық. Бірақ сонда да алаяқтардың ең қарапайым әдістеріне алданып қалып жататын халық көп, – дейді Абылайхан Әбдірәш.

Аталған қозғалыс Мәдениет және Ақпарат министрлігі және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» Ке-АҚ-ның қолдауымен биыл құрылған. «Алаяқ.нет» интернет-порталының жұмысын «Медицина жастары» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған. Әмбебап портал арқылы ел тұрғындары интернет-алаяқтық жағдайлары туралы хабар алып қана қоймай, қаржылық сауаттылығын арттыра алады. 2024 жылдың соңына дейін іске асырылатын жобаның тағы бір артықшылығы ол жерде түрлі тақырыпта нұсқаулықтар енгізілген.

Мысалы, «Алаяқты қалай тез тануға болады?», «Алаяқ.нет қалай жұмыс істейді?», «Алаяқтар қалай алдайды?» тақырыптары бойынша қолжетімді ақпарат алуға болады. Сонымен қатар, «Алаяқтықпен бетпе-бет келдіңіз бе?» батырмасын басу арқылы оқиганы хабарлауға мүмкіндік бар. Одан бөлек, жобаның әлеуметтік желілерінде еріктілердің қатысуымен бейнежазбалар жарияланған. Онда түрлі алаяқтық әдістерді қалай тез анықтауға болатыны жайлы егжей-тегжей түсіндіріледі.

Алаяқ сізге де айланып асырмасын десеңіз, бірінші кезекте жеке деректер мен банк картасының нөмірін ешкімге хабарламаңыз. Егер сізге есепшотыңыз бұғатталғаны туралы қоңырау шалса немесе SMS-хабарлама жіберілсе, онымен байланысқа шықпаңыз. Өзіңіздің банк бөлімшеңізге барып немесе оның ресми Call-орталығына қоңырау шалу арқылы мән-жайды анықтау қажет. Бұл тұрғыда құқықтық сауаттылықты арттыру да артықтық етпейді.

Зарина СӨРСЕНБАЙҚЫЗЫ

Елімізде еңбек нарығында IT мамандар тапшы. Осыған орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылға қарай кем дегенде 100 мың жоғары білікті IT маман даярлауға тапсырма берген болатын. Тілшіміз «Касперский зертханасының» мемлекеттік органдармен байланыс жөніндегі менеджері Қайыржан ӘБДІРАХМАНОВПЕН маман даярлау және киберқауіпсіздік мәселесі туралы сұхбаттасты.

IT MEN KИБEPҚAУIПCІЗДІK ҚOCA ДAМУЫ KEPЕК

IT CАЛACЫ MAMАHДAPЫH ДAЙЫHДАУ YШІH ГPАНTTAP KӨБІPEK БӨЛІHГЕНІ ДҰPЫC



– Президент биылғы Жолдауында «Біздің маңызды стратегиялық міндетіміз – Қазақстан-ды IT мемлекетке айналдыру» деп айтты. Осы бағытта істі неден бастау керек деп ойлайсыз?

– Жақында ғана «Касперский зертханасының» киберқауіпсіздік мәселелері бойынша Астанада ұйымдастырған Kaspersky cyberday панельдік сессиясы Мемлекет басшысының аталған тапсырмасына орай өткізілді. Міне, осы «Касперский зертханасы» мен Еуразия ұлттық университеті бірлесе жүзеге асырған жобада IT мамандарды дайындау үшін нақты қандай қадамдар істеу керек екені талқыланды. Мәселені шешудің бірден-бір жолы ретінде мемлекеттік органдар тарапынан мамандарды оқыту үшін грантты көбірек бөлу қажеттігі туралы айтылды. Жалпы, бұл – тек қана университеттердің көтерер жүгі емес, мемлекеттік органдардың, IT компаниялармен бірлесіп атқарылар ортақ іс. Әрі

IT мамандарды даярлауды мектеп табалдырығынан бастау керек деп ойлаймын.

– Еліміздегі қазіргі таңдағы цифрландыру саласындағы жетістіктеріміз туралы нақты мысалдар келтірсеңіз?

– Цифрландыру саласындағы киберқауіпсіздік бойынша Қазақстан әлемде 2022 жылы 31-орыннан көрінді. Бұл – киберқауіпсіздік бойынша бүкіл дүние жүзін аралаудан шыққан рейтинг нәтижесі. Әлбетте, еліміз үшін – үлкен дәреже.

– Мемлекет басшысы осы Жолдауында «Біз электронды үкіметті және финтехті дамыту индексі бойынша әлем көшбасшыларының қатарында тұрмыз» деген болатын. Алдағы цифрландыру мен ақпараттық қоғамның алғышарттары туралы не айтасыз?

– Біз IT компаниясы болғанмен, бүкіл елдегі финтех туралы айта алмаймыз. Ал өзіміздің жүзеге асырған нақты қадамдарымыздың бірі, бұл – Еуразиялық ұлттық университетінде ашылған бірегей зертхана. Мұндағы студенттер киберқауіпсіздік әдістерін қолдануға машықтанып, келешекте осы саланың көнігі мамандары болады деген сенімдеміз. Бұған қоса әртүрлі курстарды ашуды жоспарлап отырымыз.

– Кибершабуыл және онымен күрес туралы ойыңызды да білсек...

– Қазақстанда IT мамандары көп. Бірақ IT – өте жылдам дамитын сала. Киберқылмыстың алдын алу үшін IT саласы неғұрлым тез дамыған сайын, киберқауіпсіздік те соғұрлым қоса дамуы керек. Сондықтан біз тек IT саласындағы студенттерді дайындап қана қоймай, киберқауіпсіздік мамандарын да оқытуымыз керек.

– IT саласының үшқыр дамып келе жатқа-



Цифрландыру саласындағы киберқауіпсіздік бойынша Қазақстан әлемде 2022 жылы 31-орыннан көрінді. Бұл – киберқауіпсіздік бойынша бүкіл дүние жүзін аралаудан шыққан рейтинг нәтижесі. Әлбетте, еліміз үшін – үлкен дәреже

нын көріп отырмыз, демек, кибершабуыл да көбейді ғой?

– Биыл мамыр айынан бастап кибершабуыл екі есеге көбейді. Бұрын алаяқтар электронды поштаға немесе уатсапқа сілтеме жіберіп, қандай да бір жеке мәліметтеріңізді енгізуді сұраса, енді сілтемелерді қойып, әлеуметтік инжинирияға қадам басты. Интернет-алаықтары бірнеше сатыдан тұратын әдіс-тәсілдерді қолданып, өз құрбандарына материалдық залал келтіре бастады. IT маман күнделікті білімін жетілдіріп отыру арқылы мұның жолын кесе алады. Қарапайым адамдар ғаламторда жемтігін андыған құлардың қақпанына оңай түсіп қалуы мүмкін.

– Алаяқтардан сақтандудың қарапайым тәсілін айтсаңыз?

– Ең бастысы, сілтемелерді баспау, телефон нөмірлерін қандай да бір сайтта қалдырмау. Мәселен, банк картасының нөмірін енгізу сұралса, мұны google-ден тексеріп алу керек. Бұдан басқа алаяқтарды анықтайтын арнайы бағдарламаларды жүктеп, сол арқылы шындықта көз жеткізуге болады.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ



Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша Мемлекеттік комиссия жұмысының аясында іске асырылған ізденіс жұмыстарының бір бағыты Ақмола өңірінен шыққан азаттық жолындағы күрескерлер, соның ішінде топтық тұлғаларды анықтау болды. Зерттеу нәтижесінде патшалық, алаштық және кеңестік жүйеде де ұлт мүддесіне қызмет еткен ағайындылар анықталды. Айталық, ағайынды Әділөвтер (Байсейіт, Дінмұхамед, Әбубәкір, Әбуәли, Асқар, Жолдасбай), ағайынды Нұралиндер (Барлыбай, Олжабай, Төлебай (Барлыбайұлы) және ағайынды Қожамбердиндер (Хұсайын, Хасен). Осы уақытқа дейін алдыңғы екі ағайындылар туралы біршама жазылды. Олардың Алаш қозғалысынан бастау алатын белсенді қызметі кәмпескелеу кезінде Ақтөбе, Атырау өңіріне жер аударылуымен, одан кейін ашаршылыққа ұшырауымен, ақырында қудалауда жүріп оққа ұшқаны бар, қайтыс болғаны бар, түрмеге қамалғаны бар, бірігіп, бас қосқан бір рудың бас көтерер азаматтарының барлығы дерлік саяси қуғын-сүргін құрбандарына айналды.

Солардың қатарында болған ағайынды Қожамбердиндер де Алаш қозғалысына қатысқан. Мысалы, «Қазақ» газетінің 1917 жылғы №228 санында «Жаңа үкіметтің жиылыстар һәм союздар туралы қаулысы» жарияланады. Осы қаулының соңында Жалпы мұсылман съезіне кеткен бір топ қазақ өкілдерінің аты-жөндері берілген. Барлығы 20 адам, солардың ішінде Ақмоладан – Әбубәкір Даулыбаев пен Хасен Қожамбердин, Байсейіт Әділов, Олжабай Нұралин, Әділхайров, Құрманғали Қосшығұлов, соңғы кісі өз қаржысымен, қалған алтауы Ақмолаға қараған 47 болыстан, болыс басы 100 сомнан, 4700 сом қаржымен кеткен. Мұнда Хасен Қожамбердин Ақмола облысы бойынша жасалған тізімнің бас жағында тұр. Бұдан олар да ағайынды Әділөвтер, ағайынды Нұралиндер сияқты Ақмола өңіріне белгілі азаматтар болғанын, Алаш қозғалысына қатысқанын және оның белсенді мүшелері болғаны айқын. Ал Хасеннің ағасы Хұсайын туралы қызықты мәліметтерді С.Сейфуллин береді. Оның айтуынша, Ақмолада Совдеп құрылғанға дейін Хұсайын Ақмола уездік Қазақ комитетінің мүшесі болған. Одан кейінгі шым-шытырық оқиғаларды Хұсайынның 1932 жылы түрмеден отырып жазған өтініш хаты мен оған қоса тіркелген өмірбаянын білуге болады. Ал соңғы деректер «Ortalyq Qazaqstan» сайтында жарияланған ағайынды Қожамбердиндер ұрпағының естеліктерінен алынды. Журналист Тілеуқабыл Байтұрсынның мәліметінше, Қарағанды қаласында тұратын ағайынды Қожамбердиндердің бүгінгі ұрпақтары Мұрат Хасенұлы мен Райхан Хасенқызы, әкелерінен мұра болып қалған шаруашылық істерімен айналысып, қасиетті түлкінің қадіріне жеткен.

Тәуелсіздік кезеңінде жарияланған Қарағанды облысы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаментінің мәліметтері бойынша ветфельдшер Хұсайын Қожамбердин туралы мынадай анықтамалар бар.

Біріншісі Хұсайын Қожамбердин (1887 ж. т.), қазақ бастауыш білімі бар, Жаңаарқа ветеринарлық пунктінде қызмет еткен, екіншісі Хасен Қожамбердин (1909 ж. т.), қазақ, сауатсыз делінген және екеуінің де Қарағанды облысына қарасты Жаңаарқа ауданы, №4 ауылдың тумасы екені, екеуінің де бір жылда бір күнде 1931 ж. 10 маусымда Қарағандыдағы Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (ОГПУ) қызметкерлері тұтқындалғаны, бастысы, 1931 ж. 23 қарашада Қазақстандағы ОГПУ Өкілетті өкілдігі РСФСР

АЛАШШЫЛ ҚОЖАМБЕРДИНДЕР НЕГЕ ҚУДАЛАНДЫ?



Саяси қуғын-сүргін құрбаны ветфельдшер Хұсайын Қожамбердин (1888-1956) мен Хасен Қожамбердин (1909-1972) туралы алғашқы деректер «Қазақ» газеті мен С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» тарихи-мемуарлық романында кездеседі. Бұл мәліметтер ағайынды Қожамбердиндердің бүгінгі ұрпақтары мен Астана қаласы мемлекеттік архивінде сақталған маңызды құжаттармен толықтырылады.

Қылмыстық кодексінің 58-10, 58-11-бабымен айыпталғаны жазылған. Сот үкімімен Хасен 3 жылға, Хұсайын 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. Екеуі де 1963 ж. 13 сәуірінде Қарағанды облыстық сотының шешімімен құрамында қылмыстары болмауынан ақталған. Осы ретте айта кетерлігі, Хұсайын Қожамбердиннің жеке ісі бойынша архивтік анықтамада оның мерзімінен 9 ай 8 күн бұрын, 1933 ж. 13 сәуірінде Ақмола халық сотының шешімімен босатылғаны көрсетілген.

Тағы бір жарияланған анықтамада Хұсайын Қожамбердин (1888 ж. т.) Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы №4 ауылдың тумасы, қазақ білімі орташа, ветфельдшер, Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті басқармасы қызметкерлері 1949 ж. 15 желтоқсанда тұтқындалған. РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабымен айыпталып, 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне кесілгені жазылған. 1962 ж. 14 шілдеде ҚазССР Жоғарғы сотының шешімімен құрамында қылмысы болмауынан ақталған. Сонда Хұсайын Қожамбердин екі рет (1931, 1949) сотталған болып шығады. Бірде тоғысып, бірде тоғыспай жататын осындай әртүрлі ақпараттардың аражігін ажырату үшін, әзірге қолда бар материалдармен ғана шектелміз.

С.Сейфуллин нақты көрсеткендей, аласапыран жылдарында Ақмолада бірнеше «үкімет» болған. Олар: 1) Уақытша комиссар. 2) Ояздық қазақ комитеті. 3) Уақытша Совдеп. 4) Казак-орыс басқармасы. 5) Земство шақырушы комитет.

1917 жылдың наурыз айынан бастап әлкемізде Уақытша өкіметтің жергілікті басқару мекемелері және қоғамдық саяси ұйым ретінде құрылған Қазақ комитеттері пайда болады. Соның бір тармағы Ақмоладағы уездік Қазақ комитеті еді. Азаттық жолындағы өңірлік күрескерлердің көбі соның құрамында әрекет жасады. Бір қызығы, осы кезеңде Ақмоладағы зиялы қауым өкілдерінің көбі аталған «үкіметтерде» қатар қызмет еткен немесе бірінен екіншісіне ауысып отырған. Мұны, ең алдымен, елдегі тұрақсыз саяси жағдаймен түсіндіруге болады. Сәйкесінше, олардың саяси ұстанымы да өзгеріске ұшырап отырған.

С.Сейфуллин Ақмола уезіндегі

С.Сейфуллиннің романы бойынша Хұсайын тұтқынға түскеннен кейін Ақмола түрмесінің бақшасындағы қызметке бөлінген, ол осы жұмысын пайдаланып, бір күні большевиктерге қарсы құрылған комиссияның бастығы Сербов, гарнизон бастығы мен түрме бастығын қонақ етеді. Қазақтың ұлттық тағамдарын (қой еті, қымыз) алдырады, дастарқан басындағы әңгіме кезінде «мені «большевик» демесеңіздер екен, олай десеңіздер, маған ауыр тиеді. Онда мені жәбірлеген боласыздар, мен большевик емес едім, мен босқа күйіп отырмын» дейді. Сонда комиссия бастығы Сербов пен гарнизон бастығы мұны тек-

науқас әйелін аштықтан қорғап, солардың тірі қалуына көмектесу екенін, өзінің 44 жасқа келгенін, туберкулез, миокардит, созылмалы асқазан ауруымен ауырып, екінші санатты мүгедектігін алға тартады да, жоғарыда айтылғандардың негізінде, өзінің бақытсыз отбасының көз жасы үшін және ауыл шаруашылық саласындағы 20 жылдық еңбек өтілін ескере отырып, өзін қалған жазалау шараларынан босату жөнінде арнайы комиссияға ұсыныс беруін өтініп, болмаса тікелей әкімшілік бақылаушы ретінде әрбір тұтқынның мінез-құлқы мен сипаттамасын беру өз қолыңызда дей келіп, арызға 11 жасынан 44 жасына дейінгі өмірбаянын қосып жіберген.

Хұсайын Қожамбердиннің «Менің өмірбаяным» деп аталатын екінші құжатта Ақмола қаласынан 400 шақырым қашықтықта орналасқан Жаңаарқа ауданында (Ақмола округіне қарасты бұрынғы Асан қайғы ауданы) дүниеге келгенін, қазақ екенін, әкесі Қожамберді Сәрсеновтің мал шаруашылығымен айналысқанын, 11 жасында Ақмола қаласына келіп, 1899 ж. 3 кластық Ақмола қалалық училищесіне түскенін, оны бітірген соң 1907 ж. қазына есебінен Омбы қаласындағы ветеринарлық-фельдшерлік мектебіне түскенін, оқуды өз қаржысы есебінен жалғастыруға шамалары келмегенін, Омбы ветеринарлық-фельдшерлік мектебін 1911 ж. 7 мамырында бітіріп, 9 мамырда Ақмола губернаторының бұйрығымен 4 жылдық стипендияның 1/2 қайтару үшін Петропавл уезіндегі Полтава селосына тағайындалғаны, өзінің қазынадан оқуға алынған қарызын өтегеннен кейін, 1916 ж. ортасында Ақмола қаласынан 180 шақырым қашықтықтағы Өлеңті ауданына (қазіргі Ерейментау ауданы Ақмола облысы) мал айдайтын жолға ауыстырылады да, бұл жерде 1917 ж. 1 маусымына дейін болғанын, төңкеріске байланысты арнайы жұмысының далада қалып, Ақмола уездік қазақ комитетіне сайланғаны, 1918 ж. басында Совдептің пайда болуымен оның атқару комитетінің мүшелігіне де сайланғаны, онда уездік ветеринарлық бөлім жетекшісі және трибунал мүшесі болғаны, осы жылдың мамыр айында Совдептің билігін құлату кезінде, басқармалармен бірге көшеде соққыға жығылып, колчаковшылдардың тұтқынына түскені, бұл туралы С.Сейфуллиннің шығармасында егжей-тегжейлі жазылғаны, сол тұтқындалғандардың ішінде екі адамның Ақмолада екенін, біреуі – Ақмола ЕТЛ бастығының орынбасары Есжанов, екіншісі – сүт фермасының малшаруашылығы секциясының жетекшісі Марк Семенов. Кездейсоқ өзінің шамамен екі айдан кейін босатылып, бірден жасырынып үлгергенін, бір күннен кейін қайтадан қамауға алмақ болғанын, бірақ өзінің ұстатпай кеткенін жазған.

Осылайша, 1920 жылға дейін қашып жүрген. 1920 ж. кеңестік биліктің орнауымен Спаскідің учаскелік ветеринар-дәрігер болып тағайындалған. 1922 ж. 22 тамызда Ақмола уезі бойынша ветеринар штатының қысқаруына байланысты басқа қызметкерлермен бірге жұмыстан босатылады. Бір мезгілде Халық комиссарлар кеңесінің декретіне сәйкес Ақмола уездік атқару комитеті қазақ қызметкері ретінде шақырып, бірден халық тергеуші қызметіне тағайындалады, мұнда 1925 жылға дейін жұмыс істеген. 1927 ж. аяғынан бастап Округтің ветеринарлық бөлімге өтініш жазып, бірден шақыру алған.

Сөйтіп қайтадан өзінің арнайы қызметіне кіріскен. Содан бері мамандығы бойынша үзіліссіз жұмыс жасаған. Жыл сайын жылжымалы жасақтың жетекшісі болған, әрдайым жұқпалы ауруларды дер кезінде жойып отырған. Бір жазда 40-50 мың бас малды сақтап қалып, мақтау қағазын алған, алайда ОГПУ тұтқындалған кезде басқа құжаттармен бірге алып қойған. Міне, көрініп тұрғандай, өзімнің туған жерімде бес жылдай ғана тұрғанмын, оның өзінде үлкен үзілістер болған. Оның үстіне менің осындай азапты өміріме себепші болған жеке жауларым, мені контрреволюционер ретінде көрсетіп, тұтқындалғаннан кейін менен жергілікті ауқатты адам мен байдың баласын шығарды. Осы айтқандарымның барлығы шындық. Мәліметтер дұрыс болмаса, заң алдында жауап беретінін жеткізген.


Сөз соңында айтарымыз, Ақмола өңірінен шыққан ветфельдшер Хұсайын Қожамбердин мен Хасен Қожамбердин ағайынды адамдар болған. Оған бүгінгі ұрпақтарының естеліктері дәлел. Ағайынды Қожамбердиндер ес білгелі мал шаруашылығын кәсіп еткен, ауқаттылар санатына кіреді. Бұл отбасынан мал басын сақтап қалудың білгірі, ветфельдшер Хұсайын шыққан. Ол саяси науқан кезінде бір отбасының ғана емес, тұтас рулы елдің малын түрлі қауіптерден сақтап қалған, жұқпалы мал ауруының алдын алған.

Қарағандылық Мұрат Хасенұлы мен Райхан Хасенқызының айтуынша, Қожамбердин Хұсайын қазақтың арасында ең алғаш жоғары дәрежелі ветеринарлық білім алған азаматтардың бірі болған. Туған халқының жарқын болашағы үшін аянбай еңбек еткен. Төңкеріске дейін Ақмола земствосында еңбек еткен. Ақмола совдепінің мүшесі ретінде белгілі қоғам қайраткері, Алаштың аулы азаматы Сәкен Сейфуллинмен үзеңгілес жолдас болған. Ақмолада Совет өкіметі құлағанда Сәкенмен бірге Анненковтың азап вагонында қорлық көрген. Өкініштісі сол, асыл азаматты өз қолымен орнатқан өкіметі «халық жауы» деп айыптап, отыз жылға жуық ғұмырын айдауда өткізуге мәжбүр қылды. Кейін елге оралған соң ақталып, 1956 жылы дүниеден озады.

Қазіргі Қарағанды облысына қарасты Шет ауданының Бетбақдаламен шектесетін тұсында «Қызылтау» кеңшары болған. Оған атақты ғалым Кәрім Мыңбаевтың есімі беріліп, мұнда асыл тұқымды Мұғалжар жылқысын өсіретін тәжірибе станциясын жұмыс жасаған. Әкелері Хасен 1953 жылы осы шаруашылықтың жылқысын қабылдап алып, өзі өмірден өткенше, 1972 жылға дейін жемісті еңбек еткен.

Алаш қозғалысына қатысқан ағайынды Хұсайын мен Хасен Қожамбердиннің өмірі мен қызметіне қатысты мәліметтер әзірге осылар. Олар туралы өмірбаяндық ізденістер әлі де зерттеуді қажет етеді. Өйткені Алаш қозғалысындағы ағайындылардың күш біріктіруі де азаттық күреске серпін берді. Басқаша айтқанда, большевиктердің партиялық-кеңестік жүйесіне қарсы саяси күштердің ұлттық негіздерінің бір тармағы қазақ руларына біріккен ауылдар мен сол өңірлерден шыққан бас көтерер ағайындылардың күресімен өзара сабақтасады.

Құлпаш ИЛЬЯСОВА,
Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша мемлекеттік комиссияның мүшесі, зерттеуші-ғалым



Ақмола өңірінен шыққан ветфельдшер Хұсайын Қожамбердин мен Хасен Қожамбердин ағайынды адамдар болған. Оған бүгінгі ұрпақтарының естеліктері дәлел. Ағайынды Қожамбердиндер ес білгелі мал шаруашылығын кәсіп еткен, ауқаттылар санатына кіреді. Бұл отбасынан мал басын сақтап қалудың білгірі, ветфельдшер Хұсайын шыққан. Ол саяси науқан кезінде бір отбасының ғана емес, тұтас рулы елдің малын түрлі қауіптерден сақтап қалған, жұқпалы мал ауруының алдын алған

большевиктерге қарсы құрылған комиссияның (бастығы Сербов) бақылауындағы Ақмола түрмесіндегі адамдар мен шытырман оқиғалардың ішінде осы түрмеден өзінен бұрын босап шыққан Құсайын (Хұсайын) Қожамбердин туралы да жазады. Бұл мәліметтер Х.Қожамбердиннің 1932 жылғы өтініш хатында көрсетілген оқиғалармен сәйкес келеді. Расында, 1918 жылдың мамыр айында колчакшылдар Ақмоладағы Совдепті құлатқан кезде, құрамындағы мүшелердің барлығы дерлік соққыға жығылып, түрмеге жабылып, солардың ішінде Хұсайын да болған.

– **Михаил Андреевич, елордадағы жалғыз маман суицидологсыз. Жұмыс өте көп шығар, қалай үлгересіз, неге ел бойынша суицидолог мамандар аз, оларды кім даярлайды, кадр тапшылығын шешудің қандай жолдары бар?**


– Жасөспірімдер үшін жұмыс істейтін маман жалғыз мен ғана, ал ересектер үшін суицидологиялық кабинеттің суицидологы – Екатерина Миронова бар. Уақыт тығыз, жұмыс өте көп, келетін адамдар одан да көп. Соңғы уақытта халықтың тез өсуіне байланысты мен суицид әрекетінен соң келген барлық балаларды қабылдамаймын, өйткені олардың саны соңғы 2-3 жылда біздің қалада қатты көбейді. Ал бұл жүктеме жастар денсаулық орталықтары мамандарының иығына түсті, олар қазіргі уақытта суицидтік ойлауы, ниеті бар балаларды және маған немесе МЦӨЗ-ге (Қалалық психикалық денсаулық орталығы) түспейтін суицидтік әрекеттен кейін балалардың бір бөлігін қабылдайды. Өкініштісі сол – біздің елімізде суицидолог мамандар даярланбайды, өйткені дәрігердің немесе психологтың жалпы бейіндік білімі болуы керек, бұл педагог-психолог емес, психолог. Жоғарыда дағдарыстық терапияда жұмыс істеуге қосымша үйрету керек. Себебі суицидтің себептері өте көп, ал суицид қатар жүруі мүмкін, яғни басқа психикалық жағдайдан, аурудан басқа немесе одан кейін жиі жүреді. Мысалы, бұл дисморфобия болуы мүмкін, ол жиі тамақтанудағы бұзылу процесімен бірге жүреді, науқас өз денесіне риза болмайды, өзін әдемі емес, семіз санайды, бетперде киіп, бетін жасырады... соның салдарынан ол өлгісі келеді, өйткені ол бұл проблемалардың шешімін таба алмай, азап шегеді, өзін-өзі жеңе алмайды және оны шеше алмайды. Сондықтан да бұл науқастар когнитивті процестерден проблема іздемейді, бірақ олар салмақ жоғалту/пластик жасау/маска кию керек деп санайды, бірақ бәрібір әрқашан өздеріне риза болмайды. Сонымен қатар, кез келген психикалық жағдай аурумен, депрессиямен қатар болуы да мүмкін. Осыған байланысты суицидолог кез келген сұраныспен жұмыс істей алуы керек. Мұндай маманды даярлау өте қымбат, сондықтан оған тиісті жалақы төлеген дұрыс. Сондықтан да кадрлар тапшылығын шешудің бірден-бір жолы – осы профильдегі мамандарға оқуға және жалақыға қаражат бөлінгені дұрыс.

– **Суицидтің алдын алуға бола ма, ол үшін қандай жұмыстар жасалуы тиіс? Суицидтің себептері қандай?**

– Суицидтің алдын алуға болады, бірақ бұл өте күрделі іс және кешенді тәсілді қажет етеді. Ең алдымен, суицидтің көптеген себептері болуы мүмкін екенін түсіну керек және олардың комбинациясы әр адам үшін әртүрлі болуы мүмкін. Суицидке себеп: бірінші орында – отбасындағы жан-жал, екінші орында досымен жанжал жатады.

Суицидтің ең көп таралу себептері:

- Психикалық бұзылулар: Депрессия, биполярлық бұзылу (өзгеру), шизофрения, мазасыздық және басқалар.
- Жеке дағдарыстар: жұмысынан айырылу, ажырасу, жақын адамының қайтыс болуы және тағы басқалар.
- Созылмалы аурулар мен ауырсыну: кейбір адамдар созылмалы ауруларға немесе адам төзгісіз ауырсынуға байланысты өз-өзіне қол жұмсауы мүмкін.



СУИЦИДТІҢ ҚАЙТСЕК АЛДЫН АЛАМЫЗ?

Қоғамдағы өзекті мәселе – ересектер арасында ғана емес, балалар мен мектеп жасындағы оқушылар арасында суицид әрекетіне барушылардың көбейіп тұрғандығы. Жаманат хабардың әлеуметтік желіде тез таралып, жастардың санасын улайтыны тағы бар. Мектептердегі бір психолог мыңдаған оқушының бәріне жетпейтіні тағы рас. Психологтардың бұл жөнінен арнайы маман еместігі де алаңдатады. Сонда қайтпек керек? Астана қаласы бойынша психолог-суицидолог жалғыз маман – Михаил Смецкойға осы тақырыптағы ең өзекті сұрақтарымызды қойған едік.



- Отбасылық факторлар: отбасындағы зорлық-зомбылық, жыныстық зорлық-зомбылық немесе балалық шақтағы зорлық-зомбылық.
- Заттарға тәуелділік: Алкоголизм, нашақорлық.
- Әлеуметтік және мәдени орта: иеліктен шығару, оқшаулану немесе стигматизация сезімі.

- Суицидке арналған құралдардың болуы: мысалы, атыс қаруына немесе белгілі бір дәрі-дәрмектерге қол жеткізу.
- Импульсивтілік: кейбір адамдар жоғары импульсивтілікке байланысты суицидтік әрекеттерді алдын ала жоспарламай жасай алады.

Суицидтің алдын алу жолдары:

- Қоғамның хабардарлығын арттыру: білім беру бағдарламалары және проблеманы хабардар ету науқандары.
- Суицидке қол жеткізуді шектеу: мысалы, белгілі бір дәрі-дәрмектердің сатылуын бақылау, көпірлер мен биік жерлерге кіруді шектеу.
- Психикалық ауруларды ерте анықтау және емдеу: депрессияны және басқа психикалық бұзылуларды тиімді емдеу суицид қаупін азайтуы мүмкін.
- Дағдарыс орталықтарын құру: адамдар қолдау ала алатын

дағдарыс жағдайында көмек.

- Медициналық персоналды оқыту: дәрігерлер, психологтар, психиатрлар және басқа мамандар суицидтік мінез-құлықты анықтап, қажетті көмек көрсете білуі керек.
- Әлеуметтік қолдау: қоғам, отбасы және достардың қолдауы маңызды рөл атқарады.
- Жастармен жұмыс: осы жас тобындағы суицидтік мінез-құлықтың жоғары қаупін ескере отырып, жасөспірімдерге бағытталған мектеп бағдарламалары мен араласулар әсіресе маңызды.

Ең бастысы, адамдар қажет болған кезде көмек сұрап, қолдау ала алатындай сезінетін жағдайлар жасау.

– **Алдыңызға келген ата-ана мен балаға қандай кеңес бересіз, суицидтің алдын алған бір-екі оқиғаны айтып бере аласыз ба?**

– Жоғарыда жазылғанындай, көптеген факторлар суицидке әкелуі мүмкін. Науқасты бағ немесе жыныс немесе RP-мен емдегенде, оларда суицидтік ойлар жиі кездеседі, мысалы, жүйке анорексиясы психикалық бұзылулар арасында өлім-жітімнің ең жоғары деңгейінің біріне ие. Сондықтан егер терапевт мұндай науқасты емдей алса, ол оны суицидтен де құтқарғаны болып есептеледі.

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕР:

- Ашықтық және қолжетімділік: балаларыңызбен ашық диалогты сақтаңыз. Оларға олардың мәселелерін, қорқыныштарын мен сезімдерін үкімсіз тыңдауға дайын екеніңізді білдіріңіз.
- Белгілер туралы хабардар болу: мінез-құлықтың күрт өзгеруі, хоббиге деген қызығушылықты жоғалту, достарыңызбен немесе отбасыңызбен араласудан аулақ болу, дәрменсіздік немесе үмітсіздік туралы айту сияқты ескерту белгілеріне назар аударыңыз.
- Психобілім: суицидтік мінез-құлық мәселесін зерттеңіз. Неғұрлым көп білсеңіз, балаңызға соғұрлым тиімді қолдау көрсете аласыз.
- Қауіпсіздік: үйде атыс қаруы, дәрі-дәрмек немесе қауіпті химиялық заттар сияқты суицидтің ықтимал құралдарына оңай қолжетімді емес екеніне көз жеткізіңіз.
- Кәсіби көмек: егер сіздің балаңызда суицидтік ойлар немесе ниеттер бар деп күдіктенсеңіз, кәсіби көмекке жүгініңіз. Бұған терапевт, психиатр немесе дағдарыс орталығы кіруі мүмкін.

ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕР:

- Өз сезімдеріңізді талқы-

лаңыз: егер сізде проблемалар бар деп ойласаңыз, олар туралы сенімді адаммен-ата-анамен, мұғаліммен, досыңызбен немесе маманмен сөйлесіңіз.

- Оқшауланудан аулақ болыңыз: егер сіз өзіңізді осал немесе қайғылы сезінсеңіз, жалғыз болмауға тырысыңыз. Достарыңызбен немесе отбасыңызбен уақыт өткізіңіз.

- Стресті басқару дағдыларын дамыту: Медитация, йога, хобби, спорт немесе өнер стресті азайтуға және көңіл-күйді жақсартуға көмектеседі.

- Қолдау іздеу: Егер сіз мектепте, үйде немесе басқалармен қарым-қатынаста қиындықтарға тап болсаңыз, көмек іздеуден тартынбаңыз. Көптеген адамдар Сізге көмектесуге дайын екенін ұмытпаңыз.

– **Білім мекемелерінде оқушылардың, жасөспірімдердің қатысуымен ата-аналар және педагогтармен алдын алу іс-шараларын, жиындар, кездесулер өткізу өте маңызды. Бірақ, бұл қағазбастылық, есеп үшін өткізетін жиындар емес пе, олардың тұйыққа тірелген балаға көмегі бола ма қалай ойлайсыз?**

– Біздің қалада мектепте педагог-психологқа жүктеме өте үлкен, бізде орта есеппен мектепте 2500 оқушы бар, кейбіреулерінде 3000-нан астам, ал 90% оқу орындарында психологтар екеу ғана, үшеу болуы өте сирек кездеседі. Жасөспірімдерді толыққанды психологиялық сүйемелдеу үшін 250 оқушыға 1 психолог қажет. Маманға үлкен жүктеме мен басшылықтың талаптарына байланысты, Иә, шынымен де барлық жұмыс туралы қағаз жазуға айналады.

– **Біздің елімізде балалардың құқықтары заңдық жағынан дұрыс қорғалған ба, қандай тұстарын өзгертіп, қайта қарау керек деп есептейсіз?**

– Қазақстан халықаралық стандарттарды, атап айтқанда, БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясын сақтай отырып, балалардың құқықтарын күшейту үшін шаралар қабылдады. Дегенмен, кез келген елде балалардың құқықтарын қорғауды жақсартуды мақсат тұтады. Міне, балалардың құқықтары туралы пікірталастарда жиі көтерілетін және көптеген елдер, соның ішінде Қазақстан үшін өзекті болуы мүмкін бірнеше жайттар бар:

- Білімге қол жеткізу: барлық балалардың, соның ішінде қыздардың, мүгедек балалардың және осал топтағы балалардың сапалы білімге тең және үздіксіз қол жеткізуін қамтамасыз ету.
- Зорлық-зомбылықтан қорғау: балаларға қарсы физикалық, психологиялық және жыныстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және онымен күресу шараларын күшейту.
- Балалар еңбегі: балалар еңбегімен күресуге бағытталған заңдарды қабылдау және жүзеге асыру, әсіресе оның ең қанаушы және қауіпті түрлерінде.
- Денсаулық сақтауға қол жеткізу: барлық балалардың сапалы медициналық қызметтерге, соның ішінде психологиялық көмекке қол жеткізуін қамтамасыз ету.

- Балалардың қатысуы: балалар мен жасөспірімдерді олардың өміріне қатысты шешімдер қабылдауға қосу және олардың жасына және жетілуіне сәйкес олардың пікірлерін құрметтеу.
- Қамқоршылық жүйесі: отбасылық тәрбиеге және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың балама түрлеріне баса назар аудары отырып, балалар үйлері мен интернаттар жүйесін тексеру.

- Ювеналды әділет: жазадан гөрі оңалту мен әлеуметтенуге баса назар аудары отырып, қылмыстық жауапкершілікке

тартылған Балалардың құқықтары қамтамасыз ететін жүйені құру.

Алайда мен Қазақстандағы балалардың құқықтарын қорғаудың ағымдағы жай-күйі туралы нақты қорытынды жасауым үшін халықаралық және жергілікті құқық қорғау ұйымдарының есептеріне, сондай-ақ Қазақстан Үкіметінің деректеріне жүгінуім қажет.

– **Жергілікті полиция қызметі басқармасының ювеналды полиция бөлімімен осы бағыттағы жұмыстарыңыз қалай айшықталып, үйлеседі?**

– Біз жалпы мезгілімен бірлескен дөңгелек үстелдер өткіземіз, жасөспірімдердің суицидтік мәселелерін және оларды шешу жолдарын талқылаймыз. МЦӨЗ ювеналды полициядан мен ай сайынғы талдау жасайтын жасөспірімдердің суицидтік белсенділігінің саны мен әдістері туралы деректерді алады.

– **Буллинг арқылы баланы қорқыту әрқашан болды, әлі сонымен күресіп келеміз. Сонымен, бұл мәселе шешіле ме? Бокс секциясы сияқты қуғын-сүргінмен күресудің тиімді әдістері бар ма?**

– Иә, мектептерде қорқыту мен қорқытумен күресуде тиімді деп саналатын әртүрлі әдістер мен тәсілдер бар. Олар мәдени, әлеуметтік және білім беру контексттеріне байланысты өзгеруі мүмкін. Бірақ тұтастай алғанда, олар ұқсас принциптерге негізделген:

- Хабардарлықты арттыру: оқушыларға, мұғалімдерге және ата-аналарға қорқытудың қауіптілігі және оның салдары туралы білім беру бағдарламалары.

- Қауіпсіз білім беру ортасын құру: бұл физикалық органы өзгертуді, мысалы, мектеп аумағындағы бақылауды жақсартуды және оқушылар арасындағы мейірімді және өзара сыйластық қарым-қатынасқа жағдай жасауды қамтуы мүмкін.

- Психологиялық қолдау: жәбірленушілермен және құқық бұзушылармен жұмыс істей алатын мектеп психологына немесе кеңесшісіне қолжетімділікті қамтамасыз ету.

- Проактивті бағдарламалар: қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға, жанжалдарды шешуге және балалардың өзін-өзі бағалауын нығайтуға бағытталған бағдарламалар.
- Мектептегі мінез-құлық кодекстері: бұзушылықтарға тиісті әрекет ету шараларымен қорқытуға қарсы нақты және нақты ережелер.

- Ата-аналарды қолдау: ата-аналарды оқу және білім беру процесіне тарту, оларға мәселені түсінуге және шешудің жолдарын табуға көмектесу.

- Мұғалімдерді оқыту: мұғалімдерге қорлауды тиімді тану және оған қарсы тұру үшін ресурстар мен оқытуды қамтамасыз ету.

- Құқық бұзушылармен жұмыс: мінез-құлықның салдарын түсінуге және өзара әрекеттесудің балама тәсілдерін дамытуға көмектесу үшін қорлаумен айналысатын балалармен қарқынды жұмыс.

- Тұрақты сауалнамалар мен зерттеулер жүргізу: мектепте қорқыту туралы мәліметтер жинау оның ауқымы мен қолданылатын әдістердің тиімділігін түсінуге көмектеседі.

- Қоғамдастықпен ынтымақтастық: мамандандырылған ұйымдармен, полициямен және басқа мекемелермен жұмыс істеу буллингке қарсы күресті күшейтуі мүмкін.

Осы және басқа әдістерді қолданған кезде әр мектеп ортасының жеке ерекшеліктерін ескеру және әдістерді нақты қажеттіліктерге бейімдеу маңызды.

– **Сұхбатыңызға рахмет!**

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

КОМПОЗИТОРДЫҢ ЖЫР ӘЛЕМІ

Бейбітшілік және келісім сарайында көрнекті композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлеген Мұхамеджановтың «Менің жыр әлемім» атты шығармашылық кеші өтті. Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония ұйымдастырған концерт Рухани келісім күніне арналды.

Кеште астаналық филармонияның симфониялық оркестрінің, камералық хордың және солистердің орындауындағы композитордың үздік шығармалары

орындалды. Соның ішінде 1979 жылы жазылған «Махамбет» симфониялық поэмасы. Аталмыш туындыны кезінде Ресей Федерациясының Мемлекеттік

симфониялық оркестрі орындады. Драмалық шығарма ұлтымыздың батыры Махамбет Өтемісұлына арналған.

Концертте композитордың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Туған жер», «Дала», «Тағзым» және басқа да шығармалары шарықтады. Төлеген Мұхамеджановтың музыкасы көркем фильмдер арқылы да танымал. Бұл кеште көрермендер Талғат Теменовтің «Махаббат бекеті», «Адамдар арасындағы бөлтірік», «Біздің қаланың кішкентай ханзадасы», Досхан Жолжақсыновтың «Біржан сал» және «Құнанбай» фильмдерінің әуендерін тыңдады.

Шығармашылық кеште Қазақстанның және Татарстанның халық әртісі, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Нұржамал Үсенбаева, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Алтынбек Әбілда, скрипкашы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бағдат Әбілханов, күйші Айбек Бекбосын өнер көрсетті.



КҮЙ ҚАНАТЫНДА ҚАЛЫҚТАҒАН

Елордада «Күй анасы» республикалық қорының бастамасымен, Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Дина Нұрпейісова атындағы «Астана – күй қанатында» атты домбырашы-күйшілердің I қалалық байқауы ұйымдастырылды. Кеше Достық үйінде аталмыш байқаудың қазылар алқасының отырысы мен қатысушыларды тыңдау өтті.

Отырыс алдында Дина Нұрпейісова рухына тағзым етіліп, ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының бөлім басшысы Айдана Қамзаева қатысушыларға сәттілік тіледі. Бұл байқау қалалықтан республикалық деңгейге көтерілуіне тілектестігін білдіріп, басқарма тарапынан қолдау-қолдау жеткізді.

– Күй өнерінде қазақ халқының тарихы мен мәдениеті,

рухани байлығы, киесі мен қасиеті жатыр. Қазіргі заманда ұлттық кодымызды жастарға жеткізіп, насихаттайтын бір құрал, – деді Айдана Бақытжанқызы.

Байқаудың бастамашысы, «Күй анасы» республикалық қорының жетекшісі Төлеген Қуанышев аталмыш қордың жұмысына тоқталып, ұйым ашылғанда біраз іс жоспарланғанын, соның бәрі қазір рет-ретімен жүзеге асып

жатқанын атап өтті. Астана әкімдігі алда да осындай ұлттық байқауларды қолдау-қолдауына сенім білдірді. Мемлекет және қоғам қайраткері, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Ирак Елекеев «домбыра – харам» деген желікте сөзге осындай байқаулармен тойтарыс бере алатынымызды айтты. Белгілі күйші, өнертанушы Абдулхамит Райымбергенов қатысушыларға Алматыдан

бейнеқұттықтау жолдады. Қазылар алқасының төрағасы Айтолқын Тоқтаған байқаудың мақсатын айтып өтті.

Байқау 14 пен 35 жас аралығындағы жас орындаушылар арасында ұйымдастырылды. Көптеген өтініш түсіп, солардың арасында 18 қатысушы іріктелді. Бүгін Музыкалық жас көрермендер театрында жеңімпаздарды марапаттау салтанаты өтеді.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

«ҮЗДІК РЕЖИССЕР» – ҚҰЫРШАҚ ТЕАТРЫНДА

Астана қаласы әкімдігі «Қуыршақ» театрының режиссері Айжан Салаева I Халықаралық «Digital – Puppetland» қуыршақ театрлар фестивалінде «Үздік режиссер» жүлдесімен марапатталды. Шымкент қуыршақ және жасөспірімдер театрының 40 жылдық мерейтойы аясында өткен өнер фестиваліне шетелден және Қазақстаннан 13 театр қатысты.

Райхан РАХМЕТОВА

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, қазақ қуыршақ театрының тұңғыш кәсіби режиссері Құралай Ешмұратова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, театртанушы Бейбіт Бақтыгереев, Өзбекстанның танымал режиссер Хотам Ахунов қазылық еткен фестиваль кішкентай көрермендерге ұмытылмас шаттық сыйлады.

«Қуыршақ» театрының қоюшы-режиссері Айжан Салаева өзінің шығармашылығымен өскелең ұрпақтың эстетикалық талғамы және дүниетанымдық



позициясын тәрбиелеуге зор үлесін қосып келеді.

– Халық ертегісінің желісі бойынша қойылған «Алдар көсе жайлы не білеміз?» спектаклінде Алдар көсе – қазақ ауыз әдебиетінің кейіпкері. Ол жайлы аңыз әңгімелер өте көп. Бұл қойылымда жамандықпен күресіп, қарапайым халыққа қорған бола білген басты кейіпкер жайында баяндаймыз. Кедей отбасынан шыққан Алдар көсе өзінің тапқырлығының арқасында қатыгез ханды, сараң байды, ақымақ күйеу жігітті алдайды. Бірақ, оқиға мұнымен бітпейді. Ол құ, зұлым сайтандарға тап болады, – дейді А. Салаева.



АЗИАДАДА БАҚ СЫНАЙДЫ

22-28 қазан аралығында Сары құрлықтың басты бәсекесі Азия пара ойындары Қытайдың Ханчжоу қаласында өтеді. Төрт жылда бір рет ұйымдастырылатын жарысқа еліміздің атынан 131 атлет қатысады. Ұлттық құрамада Парадзюдодан екі дүркін әлем чемпионы Ақмарал Науатбек те бар. Елордалық спортшы Республика күнімен тұспа-тұс келіп тұрған әлемдік дода алдындағы көңіл-күйімен бөлісті, деп хабарлады Elorda.info тілшісі.

Парадзюдодан ел құрамасы 25 қазан IV Азия пара ойындарында сынға түседі. Қазір қызу дайындық жүріп жатыр. Қазіргі таңда Алматы облысында оқу-жаттығу жиынын өткізіп жатырмыз. Ертең Ханчжоуға аттанамыз, – дейді Ақмарал Науатбек.

Парадзюдодан екі дүркін әлем чемпионының сөзінше, ел атынан әлемдік жарысқа қатысу әрқашанда патриоттық рухты көтереді.

Елімізде Республика күнінің қайта жаңғырып, мәртебе алғаны өте дұрыс шешім деп есептеймін. Өйткені еліміздің тәуелсіздігі осы күннен бастау алатыны баршаға белгілі. Өз елімнің атынан үлкен жарысқа қатысу патриоттық рухымды әрқашан еселейді. Әсіресе спортшылар еліміздің атын әлемдік додада шығарып, мәртебесін көтеріп жүр. Ел намысы сынаққа түскен сәтте алдымыз-

да жерлестеріміздің үлкен үміті тұрады. Мен еліміздің абыройын сөзбен емес, алдағы додағы жеңіспен дәлелдеймін, – дейді ол.

Елордалық спортшы әлемдік деңгейде бақ сынап, ел мерейін үстем етуді үлкен құрмет деп есептейді.

Елім үшін сынға түсіп, көк туым шарықтап көтеріліп, әнұранымыз орындалғанда тұла бойымды қуаныш билейді. Міне, биыл дәл осы мереке қарсаңында ұлттық құрама парадзюдодан IV Азия пара ойындарында сынға түседі. Мен де өз бағымды сынап көремін. Еліміздің үмітін ақтауға барымызды саламыз. Келе жатқан Республика күні құтты болсын! – дейді Парадзюдодан екі дүркін әлем чемпионы.

Зарина СӨРСЕНБАЙҚЫЗЫ

АСТАНАДА АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕДІ

Елордада 23 қазан - 3 қараша аралығында бокстан жасөспірімдер және жастар арасындағы Азия чемпионаты өтеді. Астана қаласы әкімдігінің, Туризм және спорт министрлігінің қолдауымен өткізілетін жарысқа 23 елдің спортшылары қатысады.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

«Beeline Arena» спорт кешенінде керілген шаршы алаңда Өзбекстан, Қытай Тайбэй, Жапония, Филиппин, Гонконг, Оңтүстік Корея, Моңғолия, Иран, Қырғызстан, Үндістан, Вьетнам, Тайланд, Біріккен Араб Әмірліктері, Тәжікстан, Түрікменстан, Палестина, Пәкістан, Йемен, Ирак, Иордания, Кувейт, Малайзия және Қазақстан боксшылары жекпе-жекке шығады.

Олимпиадалық жүйе бойынша өтетін чемпионатта 2007 және 2008 жылдары туған жасөспірімдер 13 салмақта, қыздар 12 салмақта сынға түседі. 200 боксшы қолғап түйістіреді.

Ал жастар арасындағы біріншілікке 2005 және 2006 жылы туғандар бақ сынайтын болады.

Азия чемпионаты «Qazsport» телеарнасынан тікелей эфирде көрсетіледі. Финалдық жекпе-жектер 2-3 қарашада өтеді.

Жанкүйерлер үшін жарысқа кіру тегін.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 13 300 **Тапсырыс №125** Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 **Редакция мекенжайы:** 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

📞 **Қабылдау бөлмесі:** тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-teklama@mail.ru

📧 **aqsham1990@mail.ru**

Кезекші редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**